




● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ҚАСТЕРЛІ ҚАСИЕТ



Жомарт жолынан жығылмайды

Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ

Жастайынан әкесінен айырылған Салтанат Махамбетова үшін бүгін ерек күн. Себебі, «Қостанай автовокзалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Қуаныш Омаров оған қала орталығынан екі бөлмелі пәтердің кілтін табыс етті.

– Қазіргі таңда жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесі әлем елдерінің басты проблемасына айналып отыр ғой. Қызым күні кеше студенттік өмірді аяқтап, енді оның жұмысқа тұрғанына қуанып жүргенбіз. Ал, дәл туған күнінде жасалған

мына күтпеген сыйлық біздің отбасына тағы бір серпін берді. Біз өзіміз де аң-таңбыз. Салтанат – әжесінің 16-шы немересі. Оның оқушы кезден бергі мақсаты дәрігер болып, елге жақсы қызмет етіп, әжесін бағып-қағу еді. Міне, бала арман өз легімен орындалып келеді, – деді анасы Аида.

Салтанат Махамбетова – Қостанай облыстық қан орталығының қызметкері. 2015 жылы Қостанай медициналық колледжін үздік бітірген. «Қуаныш Омаровтың осы сыйлығы болашағыма сенім береді» дейді Салтанат Ғалымжанқызы.

Мемлекет қолынан іс келетін жастарды қолдап-қолпаштайды, әркез болашаққа бағыттайды.

Байыпты әзірленіп, салиқалы салмақтанған бағдарламалар да жасалып, жемісін беріп жатыр. Ал кәсіпкерлер мен түрлі ұйым басшыларының жастарға көрсетіп жүрген қамқорлықтарының арқасында елдегі жұмыссыздық мәселесі шешіліп келеді.

Шыны керек, дағдарыс діңкелетіп тұрған тұста Атымтай жомарт жандардың осындай қайырымдылық істеріне ерекше тәнті боласың. Серіктестік директорының бұл ісі көпке үлгі.

СУРЕТТЕ: жас маман Салтанат Махамбетоваға пәтердің кілті табысталуда.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Халық қаһарманы кеншілермен кездесті

Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ

Қостанай облысына жұмыс сапары барысында еліміздің үшінші ғарышкері, «Халық қаһарманы» Айдын Айымбетов Рудный қаласына да атбасын тіреді.

Алдымен мәртебелі мейман қала әкімдігінің мәжіліс залында тұрғындармен жүздесіп, орbitада жүргізілген ғылыми эксперименттері, адам организміне ғарыш сәулелерінің әсері мен ұшу барысында болған қиындықтары туралы әңгімеледі. Айдын



Ақанұлының айтуынша, станцияда болған кезде 16 ғылыми-зерттеу тәжірибелері орындалған.

Олардың арасында Арал және Каспий теңіздерінің экологиялық жағдайы, биотехнология мен био-

медицина саласындағы зерттеулер бар. Ғарышкер салмақсыздық жағдайында Қазақстанның ұлттық тағамдарынан алған әсерімен де бөлісті.

Мәртебелі мейман әлемнің ең алып кеніштерінің бірі саналатын Сарыбайда да болды. Онда қала құраушы кәсіпорының тыныс-тіршілігімен «ССКӨБ» АҚ президенті Береке Мұхаметқалиев таныстырды. Ал кен алыбының еңбек ұжымымен өткен кездесуде Айдын Ақанұлы кеншілер қаласының болашағы зор екендігін атап өтті.

– Мен Рудный қаласына бірінші рет келіп отырмын. Жалпы қаланың бет-бейнесі мен тұрғын-

дардың көңіл-күйіне, комбинаттағы атқарылып жатқан қыруар жұмыстарға қарап, сүйсінбеске болмайды. Осындай күнге қарапайым адамдардың тынымсыз еңбегі арқасында жетіп отырмыз. Сондықтан сіздермен жүздескеніме қуаныштымын, – деді ол.

Жиынды қорытындылаған бірлестік президенті Береке Сағатұлы:

– Ғарышты екінің бірі бағындыра алмайды, ол үшін тиісті біліммен қатар денсаулық, ерлік керек. Айқын мақсат қоя білсеңіздер, оған жететін күн де алыс емес, – дей келе мәртебелі қонаққа уақыт тауып, ұжыммен жүздескені үшін өз алғысын білдірді.

Хабарлама
Округтік сайлау комиссиясы Қостанай облыстық мәслихатына депутаттыққа кандидат етіп тіркеді:

№4 Западный сайлау округі бойынша
Бертаева Алтынай Есенжоловна, 1968 жылы туған, қазақ, "Батыр" тігін-өндірістік фирмасы" ЖШС директоры, Қостанай қаласында тұрады.
Комиссия төрағасы Ю.Черкасов.

Сообщение
Окружной избирательной комиссией зарегистрирован кандидатом в депутаты Костанайского областного маслихата:

по Западному избирательному округу № 4
Бертаева Алтынай Есенжоловна, 1968 года рождения, казашка, директор ТОО "Швейно-производственная фирма "Батыр", проживает в г.Костанай.

Председатель комиссии

Ю.Черкасов.

Ел чемпионатында есімдері асқақтады

**Руслан
ӘЛКЕЕВ**

15-18 ақпан аралығында Қостанай қаласында бір спорттың өткен ҚР чемпионатында сарыкөлдiк спортшылар да бақтарын сынады. Облыс құрамасының сапында өнер көрсеткен олар олжасыз оралмады. Спортшылардың ішінде әр салмақ дәрежесінде өз деңгейлерін дәлелдеген ең үздіктері биіктен көрінді.

Жарыстың қорытындысы бойынша жерлесіміз Василий Мищенко жастар арасында ҚР чемпионы атанды. Ал, ересектер арасында Николай Мищенко және жасөспірімдер бойынша Андрей Беднюк ҚР қола жүлдесін қанжығаға байлады. Сондай-ақ, Әділ Оразов пен Қуандық Жантасовтар төртінші тұғырға тұрақтаса, Иван Грома үздік бестіктің қатарына енді.

Сарыкөл ауданы.



**Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ**

Ауа-райының қолайсыздығына байланысты Қостанай облысында жол жабылды. Бұл туралы ҚР ІІМ ТЖ Комитетінің баспасөз қызметі хабарлады. Қарабұтақ-Қостанай тас жолының (89-231 шақырым Комсомол-Қостанай шекарасына дейін) барлық автокөлік түрлерінің қозғалысы тоқтатылды. Қостанай қаласынан Әулиекөл ауданына дейінгі жол да жабылуы мүмкін. Ауа-райының нашарлауына байланысты (жаңбыр және көктайғақ) облыс орталығынан барлық бағыттарға жол жабық.

Қала ішінде көктайғақ салдарынан жүзден аса көлік кептелісте тұрып қалды. Аталған жайтқа байланысты "Қазгидромет" орталығына қоңырау шалған едік. Ауа-райын болжаушы мамандардың айтуынша, көктайғақтың орын алуына күннің күрт жылынуы себеп болған.

— Біз қазір жылы атмосфералық бағытқа дәп түсіп қалдық. Осындай ауа-райы аптаның аяғына дейін сақталады. Сондай-ақ, тұман түсуі ықтимал. 24-26 ақпан аралығында ауа-райы үш градусқа дейін жылынуы тиіс, — дейді инженер-синоптик Татьяна Косенко.

"Қазгидромет" орталығының мәліметінше, жексенбі күні қар аралас жаңбыр жауады.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Бес тәулікке қамаққа алынды

Қылмыстық іс бойынша жәбірленуші ретінде Сарыкөл аудандық сотына шақырылған азамат К. сот отырысына мас күйінде келген.

Бұл жайт оны ҚР "Әкімшілік құқықбұзушылық туралы" кодексінің 653 бабы 1 бөлігі бойынша (сотты құрметтемеушілік) әкімшілік жауапкершілікке тартуға себеп болды.

35 жастағы азамат бұған дейін де әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Әлеуметтік әділдікті орнатып, бұдан әрі тәртіпті сақтап, құқық бұзушылықтың алдын алуға ықпал ету мақсатында К-ға әкімшілік жаза тағайындалды.

Сот әкімшілік құқық бұзушыны бес тәулікке қамаққа алу түріндегі әкімшілік жазаға тартуға қаулы етті. Сот қаулысы заңды күшіне енді.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі.

Қауіп таяған сайын...

**Жандос
ЖҮСІПБЕК**

Көктемгі су тасқыны Қостанай облысының оңтүстік аудандарында, орташа есеппен алғанда, наурыз айының 22-25-нен басталып, сәуір айының 21-не қарай аяқталады. Ал, солтүстікте – сәуірдің 2-3-нен 29-на дейін созылуы мүмкін. Қазір сақтық шаралары мықтап қолға алынуда.

Өткен жылдың қарашасы мен 2016 жылдың қаңтары аралығында түскен қар көлемі – 99 мм. Бұған дейін де айтқанымыздай, қардың биіктігі – 34 см, бұл әдеттегіден бір жарым есе көп. Қар суының қоры шамадан екі есе артып, 108 мм құрап отыр. Егер де күн бірден жылып кетсе, қардың еруінен қауіп болуы мүмкін. Ал түнде қатқақ болып, күндіз ғана өрісе, онда судың мөлшері анау айтқандай көп болмауы кәдік. Алдын ала болжамдар бойынша, облыста көктемгі су тасқынының жайылма суынан, үлкейтіп айтқанда, 1840 тұрғын үй мен 7918 адам, 35 автожол учаскісі, 17 электр желісі, 49 елді мекен зардабын көруі мүмкін. Атап айтқанда,



Әулиекөл, Алтынсарин, Аманкелді, Денисов, Жітіқара, Жанкелдин, Қамысты, Қарабалық, Қостанай, Науырзым, Сарыкөл, Таран және Ұзынкөл аудандары, Лисаков пен Арқалық қаласы да қауіппен бетпе-бет келуі ғажап емес.

Су тасқынының алдын алу үшін аймақтың елді мекендерін-

де қар шығару жұмыстары қарқын ала түсті. Сенбіліктер өткізіліп, Департамент қызметкерлері тұрғын үйлерді аралап, тұрғындарға қардан өздеріне қарасты аумақтарды тазарту қажеттілігі жайында түсінік беру жұмыстары жүргізіле бастады. Ақпан-наурыз айларында аймақты әуеден барлау жұмыстарын жүргізу сәуір айының бірінші немесе екінші онкүндігіне жоспарланып отыр. Болуы ықтимал оқыс жайттардың алдын алу мақсатында қапшықтар, инертті материалдар дайындалып, азық-түлік, дәрі-дәрмек пен басқа да бастапқы жәрдемге қажетті заттар қоры жинақталуда. Су тасқыны бола қалған жағдайда аймақтардан азаматтарды уақытша оқшаулау үшін 68 объекті дайындалды.

Өтемақы төлеу рәсімін бастайды

Құрметті тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің клиенттері! "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ (бұдан әрі – Банк) ТҚЖ салымдары бойынша өтемақы төлеу рәсімін бастайды.

Банк және "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ мемлекеттік салалық органдармен бірлесе отырып, еркін құбылмалы айырбас бағамы режиміне өтуге байланысты Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында 2015 жылғы 18 тамыздағы операциялық күннің соңында Банктегі тұрғын үй құрылыс жинақтарына салымдар бойынша өтемақы (бұдан әрі – өтемақы) төлеу тетігін әзірледі.

Өтемақы төлемі бюджет қаражаты және Банктің меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Өтемақы төлеу, сондай-ақ тұрғын үй құрылыс жинақ шарттарын (бұдан әрі – ТҚЖ шарты) рәсімдеу және қызмет көрсету рәсімін жеңілдету мақсатында, Банк салымшыларға ТҚЖ шартының Жалпы талаптарына қосылу жолымен қызмет көрсетуге көшеді.

Өтемақы төлеу ТҚЖ шартының қосымша келісімін

жасаған күні ақша қаражатының қалдығы болған жағдайда, еркін құбылмалы айырбас бағамы режиміне өтуге байланысты тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары бойынша өтемақы төлеу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылатын болады.

ТҚЖ шартының Қосымша келісімдерін жасау **2016 жылғы 8 ақпаннан бастап 2016 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде** (қосымша келісім жасаудың/өтініштер қабылдаудың соңғы күні 2016 жылғы 31 мамыр) салымшының электронды санды қолтанба арқылы қол қоюы жолымен жүргізіледі:

- "электронды үкіметтің www.egov.kz интернет порталында;
- "Банктің интернет ресурсындаwww.hcsbk.kz.

Үкімет қаражат бөлу туралы шешім қабылдаған және Банктің жылдық қаржылық есептілікті бекіткен сәттен бастап күшіне енетін барлық қажетті құжаттармен Банктің www.hcsbk.kz ресми сайтында таныса аласыздар.

Сұрақтар туындаған жағдайда, 300 нөмірі бойынша Банктің Байланыс орталығына хабарласуға болады.

Мұқағалиға арналған

әдеби караоке

**Кенже
ҚОНЫСБАЙ**

Қостанай қаласындағы Н. Островский атындағы кітапханада қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевқа арналған "Жырлайды жүрек" атты әдеби караоке өткізілді. Мәдени іс-шараның ерекшелігі жетерлік. Көрермендер арасынан орындаушылар шығып, ақынның сөзіне жазылған әндер ырқалды. "Сәби болғым келеді", "Сенің көзің" сынды көптеген әндерді жиналған жұртшылық ұйып тыңдады. Кімкімнің болмасын жүрегінен орын табатын Мұқағали ақынның өлеңдері кезек-кезегімен әуелеп тұрды. Оның лирикаға толы шығармашылығы іс-шараға келгендердің көңіліне ұялады. Сондай-ақ, тиісінше, ақынның өмірбаянынан сыр шертіліп, таңдаулы өлеңдері оқылды.

Шара барысында "Әр өлеңі – бір өлем" атты кітап көрмесіне шолу жасалды. М.Мақатаевтың 13



кітабы көрмеге қойылған. Тіпті, ақынның ағылшын тіліне аударылған өлеңдері де жатқа оқылды. "Арыз жазып кетейін", "Пай, пай, өмір!", "Махаббат диалогы" сынды өлеңдерін студенттер шағын көрініс түрінде көрсетіп, нақышына келтіріп оқып берді.

"Қазақ радиосының" алтын қорында сақталған Мұқағали Мақатаевтың өз дауысымен

оқылған өлең жолдары да көрермен қауымның назарына ұсынылды.

Жиналған жұртшылық іс-шара келешекте жалғасын табады деп күтеді. Басқа да қазақ ақындарының әдеби караоке кешін ұйымдастырып тұруды жөн көреді. Лирик ақынның өлеңдеріне қаныққан көрермендер шара соңында естелік суретке түсті.

● МӘСЕЛЕ

Қарасулықтар неге қапалы?

немесе жылу бағасының қымбаттығы тұрғындардың шымбайына батып жүр

Әлібек
ЫБЫРАЙ

Осыдан үш жыл бұрын, дәлірек айтсақ, 2013 жылдың жаз айында Қарасу селосының орталығында 18 пәтерлі екі қабатты үй пайдалануға берілген. Сөйтіп, көптен бері жайлы баспанаға қолдары жетпей жүрген отбасылар бір-ақ күнде үйлі-күйлі болып шыға келді. Олардың ішінде соғыс ардагері, көп балалы отбасылар, мемлекеттік мекеме қызметкерлері бар-тын.

Алайда, пәтер кілттері қолына тиген тұрғындардың қуанышы көпке созылған жоқ. Қыстың күні жаңа пәтерлер азынап кетеді. "Нысанды бір емес, екі жылыту орталығы – 18 пәтерлі үйдің және "Достық" Мәдениет үйінің қазандығы жылытқанымен қыстың күні бүрсендеп шығамыз. Бала біткен аурудан көз ашпайды". Жаңа үйдің тұрғындары осылай дейді мұңайып.

Ал, Қарасу ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөліміне қарасты "Шығыс" МҚК-ы жылу үшін тұрғындарға ай сайын қомақты сома төлеттіріп отырған көрінеді. Бұл ҚР Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігіне қарасты департаменттің бекіткен тарифі ме, әлде жергілікті коммуналдық мекеменің өздері ұйғарған баға ма, тұрғындар осы екі арасын түсіне алмай дал. Егер монополияға қарсы агенттік бекітсе, тариф неге жалпыға ортақ емес?

Мәселен, ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің облыстық департаменті 2014 жылы қаңтар айына 1 Гкал үшін 10 822 теңге белгілепті, ал, ол 2015 жылдың мамыр айында 12125 теңгеге өссе, қыркүйек айында 13580 теңгеге жеткен. Сонда жалпы аумағы 67,9 м² (жарамды аумақ 33,6 м² болса да) үш бөлмелі пәтердің жылу ақысы 34,243 теңгеге тең! "Мұндай баға тіпті қалалық жерлердің өзінде жоқ", – дейді 18 пәтерлі үйдің тұрғындары. Рас, қала тұрғындары бұдан 4 есе аз төлейді.

Ашынған қарасулықтар облыс әкімінің блогына үшбұ хат жолдапты. Онда Қостанай жылу-энергетикалық компаниясы есептегіш құралдары жоқ тұтынушылар үшін 1 шаршы метрге – 189,16 теңгеден белгіленгені айтылған. Ал, қарасулық тұрғындар 561,39 теңге (2015 жылдың 28 мамырындағы Бұйрыққа сәйкес. №204-ОД) төлеуге мәжбүр. Үш есе жоғары баға!

"Біз осыған орай облыстағы бірқатар аудандардың коммуналдық қызметке тағайындалған тарифтерін зерттедік. Ондағылар 1м²-қа бізден әлдеқайда аз төлейді. Салыстырмалы түрде көрсететін болсақ, Федоров ауданында – 240,26 теңге, Әулікөл ауданында – 155,38 (138,73) теңге, ал, Қарасуда – 561,39 теңге. Қайтіп, ашынбайсыз?!" – дейді ашынған жұрт.

Өткен жылы "Шығыс" МҚК-ы 18 пәтерлі үйге жылу есептегіш құрал орнатыпты. Әдетте, есептегіш қондырғылары бар үйдің тұрғындары жылу ақысын аз төлеуі тиіс. Керісінше, жергілікті коммуналдық кәсіпорын бағаны шарықтатып жібергендіктен, жұрт қалтасын қағуға тура келген.

Тағы да деректерге жүгінейік. Мәселен, Қарасудағы "Қарттарға арналған интернат үйі" мемлекеттік мекемесі жылу есептегіш құралдарын орнатқанымен шығынды екі есе азайтқан. Мұнысы несі?!

– "Шығыс" МҚК неге ұзақ мерзімді тариф белгілемейді? Мұндай тәжірибие "ҚЖЭК" "Жітіқаракоммунаэнерго" мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары бар емес пе? Немесе "Шы-

ғыс" МҚК-ы жаңа тарифтің енгізілгені туралы БАҚ-та хабарламайды? Осыған қарағанда біздің тұтынушы ретіндегі құқығымыз аяқасты етілгенге ұқсайды? Түсініксіз! – дейді 18 пәтерлі үйдің тұрғыны Дауылбай Атабаев телефон арқылы.

Естеріңізге салайық, 18 пәтерлі бұл үй қарасулық тұрғындарға 10 жылға жалға берілген. Олар ай сайын 5 мың теңге ақшасын уақытылы төлеп отыр. Оның үстіне суға 500 теңге, жарыққа 5 мың теңге, ал жылу ақысына 34 мың теңге (!) төлеуі тиіс. Жиынтығы: 46,500 теңге. Бұл аз ба, көп пе, өздеріңіз есептей беріңіздер.

Айтпақшы, жергілікті тұрғындардың жанай-қайы 2014 жылы аудандық "Қарасу өңірі" газетінде де жарияланған. Бірақ, одан шыққан нәтиже шамалы. Аудан басшылары бұған еш қайран қыла алмай отырған тәрізді. Сондықтан, әбден тауы шағылған тұрғындар облыс әкіміне шағымданыпты.

"Құрметті Архимед Бегежанұлы, департамент бекіткен тарифті қайта қарастыруға көмектессеңіз екен. Ай сайынғы төлем шығынын қайта есептепесе, 30243-34578 теңге аралығындағы ақшаны біздің қалтамыз көтермейді. Тіпті, ұзақ мерзімді тариф (5 жылға) бекітілсе тұрғындарға жеңіл тиер еді", – деп жазады бір топ жергілікті тұрғындар.

Біз осы мәселе бойынша, ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің облыстық департаментіне хабарластық. Мекеме басшысының орынбасары Нұрлан Бақытжанұлы редакцияға былай деп жауап берді:

– Департаменттің 2015 жылдың 09 сәуіріндегі №122-ОД бұйрығымен, "Шығыс" МҚК үшін жылумен қамтамасыз ету тарифі Гкалына 12125,0 теңге көлемінде (қосымша құн салығынсыз) немесе Гкалына 13580 теңгеден (ҚҚС бірге) белгіленді. Бұл 2015 жылы 1 мамырдан бастап күшіне енді.

Бірақ, өткен жылғы жылу кезеңі 1 мамырда аяқталғаны ескеріліп, "Шығыс" МҚК-ы бекітілген жылумен қамтамасыз ету тарифін сол жылдың 1 қыркүйегінен бастап енгізді.

Қостанай облысындағы жылу қызметінің тарифтерінің әр алуандығы мынада: тарифтер есептелгенде кәсіпорынның кірісі мен жылу энергиясының көлемі, сәйкесінше көрсетілетін қызмет бағаның өсуіне тікелей әсер етеді.

Ресми құжатта көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының нарығындағы табиғи монополияларды реттеу туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес "Шығыс" МҚК-ы қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісіне жатады. Онда көрсетілетін қызмет сағатына 20 Гкалдан аспайды. Яғни, "Шығыс" МҚК-ы үшін ұзақ мерзімді тариф бекітілуі мүмкін емес. Бұл тәртіп жылумен қамтамасыз ету жүйесіндегі табиғи монополияларды реттеудің базалық субъектісі болып есептелетін "Қостанай жылу-энергетикалық компаниясы" МҚК-ына да ортақ.

Ал, төлем көлеміне қатысты департамент басшысының орынбасары мынаны хабарлады: "Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылдың 28 қазанындағы №455-ші қаулысымен тұтынушыларға жылумен қамтамасыз ету жөніндегі коммуналдық төлемдерді тұтыну нормасына байланысты есептегіш қондырғысы жоқтарға м² үшін баға 0,032 Гкал көлемінде бекітілді".

Керісінше, жылу есептегіш құрал орнатылған үйлердің тұрғындары тұтынған жылу энергиясына қарай төлем жүргізеді.

● КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК

Кәдесый деп осыны айт



Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Андрей Соловьевко екінші топтағы мүгедек. Денсаулығым нашар деп ешқашан қолын жайып, шағым айтқан емес. Қолынан іс келетін жан.

Былытырғы жылы "Даму-Көмек" жобасының ресми сайтынан мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған ұсынысты байқады. Қарап отырмады. Сайт арқылы тапсырыс берді. Тапсырысы жерде қалмады. Қолдау көрсетілді де ойы жүзеге аса бастады. Осылай ол "Даму" қорының тұрақты клиенті болды.

Бұдан кейін Андрей "Даму" қоры ұйымдастырған іс-шаралардың біреуін де құр жібермеді. Үнемі олардың тарапынан көрсетілген ұсыныстарды түртіп алып жүретін. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының кеңесшілері ақылдаса отырып, Андрей салық басқармасында жеке кәсіпкер ретінде тіркелді. Кейін "Кәдесыйға тарту ететін тиындар" тақырыбына бизнес-жоспар дайындады. "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде гранттық қаржыландыру ретін-

де ұсынысы қаралды.

Андрей ұсынған бизнес-жоспар жан-жақты қаралған, нақты әрі бүге-шігесіне дейін ойластырылған. Ол жастардың бағдарламасы бойынша байқау іріктеуінен еш қиындықсыз өтіп кетті. Жас кәсіпкер қабдықтарды, баспаларды, қалыптарды сатып алу үшін көптен күткен грантқа қол жеткізді.

Монеталарды сатып алғысы келетін клиенттер саны жеткілікті. Қазір грантталушы түрлі мерекелерге орайластырып тиындар дайындауда. Алдағы 8 наурыз мерекесіне арнайы шығарған тиындары ерекше әдемі. Ал аналарыңыздың туған күніне арнап "Алтын ана" жазбасы бар монетаны сыйлауға болады. Көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтын кәдесыйлар да баршылық. Оларда құрдастар арасында айтыла беретін қылжың сөздер жазылған.

Қазіргі кезде Андрейдің дүниелері жақсы танылып келеді. Сұранысы да жақсы. Заттарын одан әрі жарнамалау үшін lismd.kz сайты ашты. Осылайша өзгеге көзін сүзбей өз ісін қолға алып, кәсібін дамытқан жас жігіт болашақта әлі де биіктерді бағындыра алатынына сенімді.

Заңсыз тартып алуға жол бермеді

Қостанай облысының Денисов аудандық соты "Норд-Трейдинг" ЖШС-нің ерлі-зайыптылар М.-ға, Ресей Федерациясының азаматшасы Я.-ға және "Денисов ауданы бойынша әділет басқармасы" ММ-не меншік құқығын мойындау және оның тіркелуін жою туралы шағымы бойынша азаматтық істі қарады.

Азаматша М. жұбайынан алынған келісім хатпен нотариалды түрде ресімдеу арқылы 2005 жылы Денисов ауданының Денисов ауылындағы "Норд-Трейдинг" ЖШС-не дүкенін сатқан. Бұл шарт сол жылдары жұмыс істеген тіркеу органы – "Қостанай облысының жылжымайтын мүлік орталығы" ММ-нің Денисов аудандық филиалында мемлекеттік тіркеуден өткен.

2005 жылдың қаңтарынан бастап бүгінгі күнге дейін сатылған дүкенді меншік иесі ретінде "Норд-Трейдинг" ЖШС коммерциялық мақсатта пайдаланып келген.

Сот отырысы барысында анықталғандай, Денисов ауданының жылжымайтын мүлік орталығы аудандық әділет басқармасына жылжымайтын мүлік объектілерін тіркеу құжаттарын жібергенде дүкенге қатысты тіркеу құжаттары жоғалып кеткен. Бұл жайтты пайдаланған азамат М. қажетті құжаттар көшірмесінің негізінде 2012 жылы дүкенді өз меншігіне қайта тіркеп алған. Заңсыз жүргізілген тіркеуден кейін ерлі-зайыптылар М. нотариалды келісіммен дүкендерін азаматша Я.-ға кепілдік ретінде беріп, одан қарызға 1 400 000 теңге көлемінде ақша алады.

Кейін жеке сот орындаушысының 2015 жылдың 21 қаңтарындағы қаулысы негізінде дүкен азаматша Я.-ның меншігіне өтіп, мемлекеттік тіркеуден өткен. Заңсыз келісімі туралы "Норд-Трейдинг" ЖШС-нің басшылығына азаматша Я.-ның дүкенді босату туралы жіберген хабарламасынан кейін мәлім болған. Өздерінің жеке мүлікке деген конституциялық құқығын қорғамақ болған серіктестік өкілдері сотқа жүгінген.

Сот серіктестіктің шағымын ішінара қанағаттандырып, азаматша Я.-ның дүкенге деген меншік құқығын жойды. Сонымен қатар, аудандық сот жергілікті прокурорға ерлі-зайыпты М.-нің әрекеттерінің заңдылығын тексеруге және ҚР ҚК-нің 177 бабымен ("алапытқ") қарастырылған қылмыс нышандары бойынша оларға қатысты ҚР Қылмыстық-процестік кодексі негізінде процесуалдық шешім шығару туралы жеке ұйғарым жолдады.

Сот шешімі заңды күшіне енген жоқ.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі.

● ЖОЛДАУ: ӨСІМ, РЕФОРМА, ДАМУ



Қазір жер-жаһанда алты мыңнан астам тіл болса, шамамен бүкіл әлемнің 50 пайызға жуығы бір тілде сөйлейді екен. Ал, ХХІ ғасырдың аяғында болжам бойынша соншама тілдің 10-ақ пайызы қалып, 90 пайызы жойылып кетеді. Бұл ретте ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: "Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қауіптісі – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады" деген еді. Қазақстанда туған еліне, жеріне, ұлтына жаны ашитын жасөспірім-патриоттар өсіп келеді. Осындай жастар барда, бұлжымас Ата Заңымыз тұрғанда, қазақ тілінің жер бетінен жойылып кетуі мүмкін емес. Елбасының "Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік тіл болды!", "Мен айтпасам, кім айтады?" деген аталы сөздері рухымызды көтеріп, қазақ тілінің өркен жаюына жаңа серпін берді. Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемнің 193 өкілі қатысқан БҰҰ-ның 70-ші мерейтойлық сессиясында қазақтың қасиетті тілінде сөйлеген сөзі тіліміздің әлемге танылған күні болды. Бұл елімізге, ұлтымызға әлемдік ұйымдардың назарын ерекше аудартып, қазақтың ғана емес, адамзат дамуы тарихында мәңгіге сақталатын айтулы қадам болды. Бұл мемлекеттік тәуелсіздігіміздің жемісі – Елбасының жеңісі еді.

Статистикалық деректер бойынша, елде 140 этнос пен 46 діни қауымдастық бар екендігі белгілі. Олар Қазақстанды ортақ Отан деп санайды. Қоғамда еркін ойлау мен толеранттылық нығайып, этномәдени бірлестіктер табысты даму үстінде. Рудныйда да жыл сайын халықтар достығын, олардың тілін, салт-дәстүрін, ұлттық ансамбльдердің жұмысын насихаттайтын "Мәлдір бұлақ" фестивалі өтеді. Әрбір өнер ұжымы өздерінің концерттік бағдарламасын, ұлттық өні мен биін, салт-дәстүрін ұсынады, оларға сый-сияпат көрсетіледі. Қоғам мүшелерінің әрқайсысы өз үлесін қосып, уақыт талабына, талғамына сай болса екен деймін. Жақсылықты, үлкен олжаны ертеңнен күтетін тәубешіл халықпыз ғой. Істеймін дегенге жұмыс көп, іс басындағылар аянып жатқан жоқ. Алайда, бізде көптеген азаматтар үй ішінде, ортада, қоғамдық орындарда орысша, не араластыра сөйлейді. Тіпті, аталар мен әжелердің өздері немерелерімен басқа тілде сөйлесіп келе жатқанын көргенде жаның күйзеледі.

"Тіл туралы" Заңда "Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы", – делінген. Бүгінде қазақтардың 60 пайызы үй-ішілік қарым-қатынастарда қазақша, 11 пайызы орысша, ал 27 пайызы екі (қазақ,

Бүгінде Қазақстан басшысынан қосшысына дейін үлкен әлеуметтік оптимизмге – жасампаз тәуекелге бел буып отыр. "Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму" атты кезекті Жолдауында Елбасы Н.Назарбаев: "Келе жатқан күрделі кезең біз үшін еңсеру кезеңі болады. Біз жаңа жаһандық дағдарысты міндетті түрде жеңеміз. Бұл үшін бізде біртұтас ерік-жігер, халық бірлігінің берік дәстүрлері бар... Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік!" деп айтқан болатын.

ТӘУЕЛСІЗДІК және тіл мәртебесі

орыс) тілде сөйлейді екен. Демек, қазақтардың 40 пайызының 11-і орыстанып, 27-сі орыстанудың сәл-ақ алдында тұрғанын көрсетеді. Ресми кеңсе мен бизнесті былай қойғанда үй тұрмысы, дастархан басы, ата-ана арасындағы сөз байланысы орысшаға тұнып тұр. Ондайлар қазақ тілін меңгеруді қажетсінбейтіндер, оны меңгерудің қаншалықты маңызды екеніне мән бермейтіндер. Әр саланың тізгінін қазақ тілін жетік білетін, қазақша сауатты жазып, сөйлей алатын басшы басқарса, әлі де жақсы жетістіктерге жететініміз айқын.

Тілге деген жанашырлық өз ұлтын құрметтейтін әрбір адамның бойында бар және болуға тиіс қасиет деп есептеймін. Себебі, ол оның борышы, міндеті. Елбасымыз Н.Назарбаевтың "Тілге деген көзқарас – шындып келгенде елге деген көзқарас" деп айтқан сөзін бүкіл қазақстандықтарға арнаған үндеуі ретінде қабылдауымыз керек.

Кеншілер қаласында тіл тынысының ашылып, қолданылу ауқымының артуына, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге, жастардың отаншылдық сана-сезімдерін арттыруға, тілге деген құрметті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар, "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы" мен "Тілдердің үштұғырлығы" мәдени жобасын іске асыру бойынша жүйелі жұмыстар атқарылып жатыр. Бүгінгі күні Рудный қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығындағы тыңдаушылардың жалпы саны 1050 адамды құрайды, соның ішінде мемлекеттік тілді оқитындар – 830, ағылшын тілін меңгерушілер – 190, неміс және орыс тілдерін оқыту курстарында – 30 адам. Демек, қаламызда мемлекеттік тілді меңгерушілердің саны 2009 жылмен салыстырғанда 85 пайызға өскендігін көрсетеді. ҚАЗТЕСТ жүйесіне сәйкес, тілдерді оқыту орталығы мемлекеттік қызметшілердің, бюджеттік ұйымдар, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтау үшін тестілеу өткізіп отырады. Орталықта сертификат ала отырып тестілеуден өту және дайындалу үшін барлық жағдай жасалған. Өткен жылы қаланың мәдени ошақтарында айтулы даталарға, мемлекеттік мерекелерге арналған 1110 іс-шара өткізіліп, олардың әрқайсысының сценарийінде қазақ тілі контентінің сақталуы қадағаланған. Олардың ішінде мемлекеттік тілді қолдану мәртебесін және тілге деген сұранысты арттыру, қалада тұратын түрлі этностардың салт-дәстүрі және әдет-ғұрыптарымен таныстыру, мемлекеттік тілді ұлт бірлігінің, "Жаңа қазақстандық патриотизмді" тәрбиелеудің біріктіруші

факторы ретінде насихаттауға арналған "Бір шаңырақ астында" фестивалі, "Тіл – парасат" атты мемлекеттік, ағылшын, орыс тілдері білгірлерінің байқауы, "Ар-намысым, мақтанышым – Тәуелсіздік!" мәнерлеп оқу сайысы, "Жүрегімде – Отаным" көркем сөз шеберлігінің байқауы, "Халық бірлігі – ұлт бірлігіміз!" "Ұлылар үндестігі" іс-шаралары және басқа түрлі тақырыптарда ашық сабақтар өткізілді.

2015 жылдың қыркүйек айында "Тіл мерейі" республикалық байқауында Тілдерді оқыту орталығының мұғалімі Сармантаева Айгүл Еркінқызы модульдік технология негізінде мемлекеттік тілді оқыту әдістемесін көрсетіп, конкурстың барлық кезеңдері бойынша Бас жүлде – Гранприді жеңіп алды. "Бұқаралық ақпарат құралдары және мемлекеттік тіл" жобасы аясында "Рудненский рабочий" қалалық газетінің беттерінде "Қазақ тілін үйренейік!" тұрақты айдары, сондай-ақ "Рудный дауысы" телерадиокомпаниясымен бірге апта сайын "Тілашар" радио сабақтары жүргізіледі. "Рудный дауысы" радио тілшісі Астанаев Жанарыс 2015 жылдың маусымында өткен "Мемлекеттік тіл және БАҚ" республикалық байқауында жүлделі 2-ші орынға ие болды. Өткен жылы қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі тиісті облыстық, қалалық мекеме мандарының, БАҚ-ның қатысуымен жарнамалардың, көрнекі ақпарат құралдарының мәтіндері "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Жарнама туралы" Заңдар талаптарына сәйкестігін тексеру акциясын өткізді. Осы мәселе бойынша жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар өкілдеріне тілді қолдану жөнінде ұсыныстар, әдістемелік және кеңестік көмек берілді. Осындай рейдтер жайлы тіл тілекшісі "Рудненский рабочий" газетінің тілшісі Молдағалиев Қанат ара-тұра жазып тұрады. Алайда, тіл туралы заңнама талаптарының орындалу барысы, оларды орындамаған тұлғаларға қолданылған шаралар жөнінде оқырмандар бейхабар. Егерде, қалалық әкімдіктің жанынан тіл тазалығы мен мәдениетін сақтау заңдылығын жүйелі түрде тексеріп, бақылайтын тұрақты комиссия жұмыс істесе заң бұзушылық азаяр еді. Әрине, тіл мәселелері облыстық қазақ басылымдарында да жазылып жүр. Айталық, облыстық "Қостанай таңы" газетінде облыстық тілдерді дамыту басқармасы ұйымдастырған "Таза тіл" акциясы туралы мақала жарыққа шыққан болатын. Жиында облыс орталығындағы билборд, жарнамадағы және басқа объект атауларындағы грамматикалық және стилистикалық қателіктер суретке түсіріліп, көрсетілген, жіберілген заңсыздықтар

бойынша қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мекемесі өкілдерінің жауабы тыңдалып, оларды түзетуге қатысты пікірлер айтылған. Аймақтық "Қостанай-Агро" газеті ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің ұйымдастыруымен Қарабалық, Сарыкөл және Денисов аудандарында "Қазақстан болашағы – қазақ тілінде" атты дөңгелек үстел өткенін хабарлаған. Пікір алмасу барысында мемлекеттік тілдің маңыздылығы, оның еліміздегі мәртебесі жайында әңгіме қозғалып, "Қазақстан болашағы – қазақ тілінде" екені өзге ұлт өкілдеріне тереңнен түсіндірілген. Қаламызға үлгі аларлық, құттарлық істер.

Облыстық тілдерді дамыту басқармасы "Мың бала" жобасының шеңберінде балаларға мемлекеттік тілді үйрету жұмыстарын жаз айларында Денисов, Алтынсарин, Әулие-көл аудандарындағы бес демалыс лагерінде жүргізген. Ал, Қостанайдағы Тілдерді оқыту орталығында жазғы демалыс айларында өзге ұлт өкілдерінен тұратын 30 балаға қазақ тілі үйретілген. Жыл сайын Қазақстан халқы тілдері күніне арналған апталық және айлық іс-шараларға мектеп оқушылары, колледж, институт студенттері белсене қатысады. Орыс мектептерінде оқитын оқушылар арасында қазақ тілінде шығарма жазу, сөйлесуге үйрету, қазақ шешендерінің тарихымен таныстыру жұмыстары жүргізілуде. Жалпы, қаламызда қазақ тілінде білім алып жүрген, мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін балалар қатары көбейіп келеді. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың "Еліміздің болашақ тағдыры бүгінгі мектеп партасында отырған балалардың қолында, ал олардың тағдыры ұстаздардың қолында" деген сөзі әрқашан ұстаздар жадында жүретіні анық.

Иә, ана тіліміздің қайта туып, мемлекеттік мәртебе алуы жаңа мемлекеттігімізбен тығыз байланысты. Тәуелсіздік қана қазақ тілінің өз Отанына қайта өркендеп, өсуіне өріс ашты. Мұны ешбір қазақ баласы ұмытпай, тарихтан тарихқа алып жүргенде, осымен тығыз ұштастыра тілінің тазалығын, жазу мәдениетінің сақталуын да бейтарап қалдырмауы керек. Тәуелсіз мемлекеттігіміздің тұтастығы мен бірлігін сақтай отырып, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру, оның қолданыс аясын кеңейту әрбір қазақстандықтың патриоттық міндеті деп түсінгеніміз абзал. Тіл тағдыры – баршамыздың қолымызда екендігі есімізде болғай.

Жақсылық КӘКЕНОВ,
еңбек ардагері.

Рудный қаласы.

Кәсіпкерлікке – кең өріс

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму" атты Жолдауы Қазақстан халқына арналған жәй ғана үндеу емес. Бұл – еліміздің алдағы әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын айқындайтын, әлемдік қаржы дағдарысын еңсеруге, біздің алға қойылған мақсаттарға жетуімізге жол көрсететін және бәсекелес отыз елдің қатарына кірудің нақты қадамдары.

Кемеңгер Көшбасшымыз әр Жолдауында кәсіпкерлікті көңілден тыс қалдырған емес. Ұлттық экономиканы ұдайы қолдап келеді. Осы жолы да Президент іскерлік ахуалды жақсарту және өкімшілік кедергілерді азайтуға баса назар аударды, әрине, бұл "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасы қызметінің бірі болып табылады. Айталық, өткен жылы облыстық Палата сарапшыларымен 69 өкімшілік кедергілер анықталды, олар: жер, салық қатынастары, экология, мұнай өнімдерінің айналымы сынды мәселелер. Бүгінгі күні соның 42-сі жойылды, біз бұл бағыттағы жұмысты өрмен қарай жалғастыра береміз.

Жалпы алғанда, кәсіпкерлікті қолдау Қазақстанға дүниежүзілік рейтингінде Doing Business (Дуин бизнес) позициясын жақсартуға мүмкіндік берді, бұл жағынан 41-ші орынға тұрақтады. Соңғы жылдары Қостанай облысында шағын және орта бизнес саласында жұмыспен қамтылғандар саны 20%-дан асты. Кәсіпкерлердің саны да өсуде. Тек, біздің ауданда жалпы сомасы 70 млн. теңгені құрайтын 34 жоба қаржыландырылды. Оның төртеуі – "Бизнесің жол картасы – 2020" бағдарламасы аясында болса, ал отызы – "Жұмыспен қамтудың жол картасы" бойынша. Осылардың нәтижесінде жаңа дәрхан, шағын-маркет, шағын жұмыртқа фермасы және жылыжайлар ашылды.

Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде мемлекеттік-жеке-шелік әріптестік тетіктерін белсенді қолдану және қайта жаңарту және техникалық қызмет көрсету үшін жеке инвесторларды тарту аса қажет. Осыған байланысты ауданда атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Әсіресе, мемлекет пен бизнестің әріптестігі үйлесім тапқан. Мысалы, "НурАйгер-СК" ЖШС директоры С.Қ.Джумагулов Жеңістің 70 жылдығына орай әскери техниканы сатып алуға 2,6 млн. теңге соммасында демеушілік көмек жасаса, "Сатаев Б. Х" Ш/Қ Тәгіл ауылына су құбыры желілерін таратудың жобалық-сметалық құжаттарын бекіту үшін 1,2 млн. теңге бөлді, сондай-ақ, "Мелитопольское" ЖШС Мелитополь селосының жолдарын жөндеуге көмек көрсетті.

Сөз соңында айтарым, Жолдауда айтылған Президенттің бастамасы бизнес-қоғамдастықтан кең қолдау тапты. Мұндағы айтылғандар кәсіпкерлік қызметті жүргізуге, алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін зор мүмкіндік беретініне бек сенімдімін!

Руслан МОЛДАБЕКОВ,
облыстық кәсіпкерлер палатасы Сарыкөл аудандық филиалының директоры.

● ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНА – 80 ЖЫЛ

САРЫКӨЛ:
кеше, бүгін, ертең

Қостанай облысының солтүстігінде аумағы 6 мың 116 шаршы шақырымды алып жатқан сүбелі аудандардың бірі, саф алтындай дөңге бай Сарыкөл соңғы жылдары дамудың сара жолына түсті.

Халық саны да жыл өткен сайын алға жылжып келеді. Әсіресе, экономикалық-әлеуметтік саласы қанатын кеңге жайып, ырысы тасып, тынысы кеңіді. Қысқасы, өңір өзгеріп, түрленді һәм гүлденді.



Басты сапаға деген бетбұрыс

Эльдар КҮЗЕНБАЕВ,
Сарыкөл ауданының әкімі:

– Ауыл шаруашылығы аудан экономикасының басым бөлігін құрайды. Тауар өнімінің негізгі түрі – бидай. Ауданда 23 ЖШС және 682 шаруа қожалықтары бар.

Өткен жылы егістік алаңы – 326,7 мың гектарды құрады, соның ішінде дөңді-бұршақты дақылдар – 308,8 мың гектар, 17,9 мың гектары майлы дақылдар. Жиналған астықтың – 459,9 мың тоннасы бидай, шығымдылығы орташа есеппен гектарына 15,8 центнерге тең. Ал, майлы дақылдардың өнімділігі гектарына 11,0 центнерден.

Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында мемлекеттен 506,3 млн. теңге жұмсалды, соның ішінде материалдық-тауар құндылықтарды сатып алу үшін 339 млн. теңге көлемінде үкімет субсидия бөлдi. Сонымен қатар, "Азық-түлік корпорациясы" АҚ желісі бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер 407 млн. теңге көлемінде несие алды, соның бүгінде 100% өтелді.

Биылғы жылғы астық үшін 44,5 мың тонна көлемінде тұқым көмілді.

Жем-шөп қоры құрылды. 83,9 мың тонна шөп, 5,2 мың тонна пішіндеме, 1,1 мың тонна сүрлем және 32,1 мың тонна сабан дайындалды.

Мал шаруашылығы да мардымды. Бұл бағытқа үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы аясында индустрияландыру картасына 1 млрд.324 млн. теңгенің 4 жобасы тартылды. Одан тыс тағы 10 жоба іске қосылды. Нәтижесінде, 75 жұмыс орны ашылды. Сондай-ақ, мал басын көбейту үшін "Сыбаға", "Алтын асық", "Құлан" мемлекеттік бағдарламалары оңтайлы болды. 329 бас ИҚМ, 59 жылқы және 389 қой сатып алынды. "Жайылымдарды суландыру" бағдарламасы бойынша "Саурбаев" ш/қ ұңғымасы қайта субсидияланды.

Ет өндірісі де ешкімнен кем емес. Бұл орайда герфорд және қазақтың ақбас сиырын өсірумен айналысатын "Крыловское", "Златоуст", "Ақпан-Инвест" серіктестіктері көш бастап тұр.

Әлеуметтік әлеуетін арттыру үшін атқарылған істер аз емес. Соның бастысы – тіршілік көзі. Бүгінгі таңда аудан орталығының 84 пайызы ауыз сумен қамтылды.

Жалпы, 2015 жылды жақсы аяқтағанымызды атап өткім келеді. Барлық жұмыстар экономикалық өсімді тұрақыландырып, халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту үшін жасалды. Соның нәтижесінде экономикалық потенциал, еңбек ресурстары және өзара түсіністік артты. Бұл үрдісті болашақта да жалғастыратын боламыз.

Өңдеу өнеркәсіп сапасы

Өткен жылдың қорытындысы бойынша өнеркәсіптік кәсіпорындар 3 млрд. 291 млн. теңге көлемінде өнім өндірді, яғни 105%. Бұл көрсеткіш 2014 жылмен салыстырғанда сәл жоғары. ЖІӨ – 108%. Ал, ауданның

өнеркәсіптік өндіріс үлесі облыс көлемінде 0,6% құрады.

Өңір бойынша өңдеу өнеркәсібі саласымен барлығы 30 мекеме айналысады. Бұлар бір диірмен, екі шұжық және кондитерлік цехы, үш тігін, 4 жиһаз, 6 ұсталық цехы, 12 наубайхана және элеваторлар. Ең басты өнеркәсіптік кәсіпорыны "СеНат" ЖШС-нің ұн өндіру кешені болып табылады.

Ауданда шағын және орта бизнес жақсы жүзеге асырылып келеді. Жұмыс істейтін шағын және орта бизнес субъектілері – 1323 бірлікті құрады. Соның кәсіпорындарда жұмыс істейтіндер саны – 1034.

Ал, "Бизнестің жол картасы – 2020" бағдарламасы да берекелі іске бастады. Ол бойынша өткен жылдың басынан бастап пайыздық мөлшерлемені субсидиялау бойынша 12 жоба және гранттық қаржыландыру бойынша 1 млн. 957 мың теңге көлемінде 1 жоба мақұлданды (бөдене өсіру).

Әлеуметтік сапа да әлеуетті

Ауданда денсаулық саалсына дендеп көңіл бөлінген. Осы орайда орталық аурухананың орны орасан. Оның құрамына 1 дәрігерлік амбулатория, 6 ФАП, 19 медпункт және 1 емхана кіреді. Бұл медициналық мекемелер тұрғындармен тығыз байланыста. Айтпақшы, уақыт өткен сайын кадр мәселесі де шешіліп келеді. Өткен жылы аудандық аурухана бір терапевт дәрігерімен толықты.

Білім саласы да басты назарда. Оған былтыр 1 млрд. 373 млн. теңге бөлінген. Жұмылдырылған күш мектепке дейінгі ұйымдар жүйесін кеңейтуге, "Балапан" бағдарламасын іске асыруға, міндетті жалпы орта білім беруді қамтамасыз етуге, қосымша білім беруді дамытуға бағытталған.

Ауданда: 17 орта, 5 негізгі және 6 бастауыш мектеп (барлығы 2541 оқушы), 2 қосымша білім беру ұйымы (692 бала), 1 колледж (700-ге жуық студент), 24 шағын орталық пен 5 балабақша бар. "Дипломмен – ауылға" мемлекеттік бағдарламасы бойынша өңірге 9 жас маман келді.

Айтпақшы, өңірдің мәдени өмірі де көңіл көншітерліктей. Мәдениет үйінің майталмандары облыстық жарыстарда олжа салып жүр. Осы орайда 21 ауылдық клуб, 1



автоклуб және 4 ЖШС жанындағы мәдениет үйлерінің сіңіріп жатқан еңбегі сүбелі. Барлығы 77 шығармашыл ұжым бар. Олардың қатысуымен бір жылдың ішінде 1640 мәдени іс-шара шымылдығын түрді. Сондай-ақ, Н.Дәулетова атындағы аудандық орталық кітапхана мен оған қарасты 28 селолық кітапхана ауданның бүгінгі мәдени өміріне бөлсенді араласып келеді.

Ал, аудан аумағында дене тәрбиесі және спортты дамыту мақсатында 113 спорттық нысан жұмыс істейді. Олар: 1 стадион, 3 спорттық кешені, 28 спорт залы, 59



жазық зал, 5 хоккей корты, 3 шаңғы базасы, 9 кіріктіріме спорт залы және 5 ату тирі. Спортпен шұғылданушылар саны – 6893 адамды құрайды. 2015 жылы салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 204 спорттық шара өткізіліп, 27102 адамды қамтыды. Қазіргі таңда облыс, республика құрамында өнер көрсетіп жүрген аудан спортшыларының дені жастар. Әйелдер күресінен өткен әлем чемпионатында кадеттер және жастар арасында Лаура Әлмағанбетова мен Марина Седневаның үштіктен көрінуі аудан үшін үлкен жетістік болды.

Айта кеткен жөн, Сарыкөлде діни ахуал да тұрақты. Бұл тұрғыда 3 мешіт, 1 шіркеу жүйелі түрде жұмыс істеп тұр.

Халықты әлеуметтік қорғау мәселесі

Ауданда аз қамтылған азаматтар мен халықты жұмыспен қамту мәселесіне аса мән беріліп келеді. Тіркелген жұмыссыздар деңгейі 0,1% құрайды. Жұмыспен қамту бөлімінде 25 сарыкөлдік есепте тұр. Жыл бойы барлығы 548 адам жүгінді. Соның 420-сы еңбекпен қамтылды.

77 отбасы әдрестік әлеуметтік көмек алды, тұрып жатқан 247 адам. 18 жасқа дейінгі балаларға арналған балалар жәрдемақысы 1010 жасөспірімге бөлінген. Соның 5-і үйде оқып, тәрбиеленетін жетім-мүгедек, 10-ы үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінен қызмет көрсетеді. Барлығы – 52 жетім-мүгедек.

"ЖЖК – 2020" бағдарламасы аясында 37 уақытша әлеуметтік жұмыс орны құрылды, 23 адам еңбекпен қамтылды, соның ішінде 14 түлек жастар тәжірибесі бойынша. 3 жұмыссыз азамат кәсіптік даярлауға және қайта даярлауға жіберілді, ал 8 адам кәсіпкерлік негіздерін оқып-үйренді.

Көз алдымызда көркейіп келеді

Арғынғазы ШӘРІПОВ,
ауданның құрметті азаматы:

– Сарыкөл өңірі көз алдымызда көркейіп келеді. Әсіресе, жыл сайын орын алып жатқан жағымды жаңалықтар мен оқиғалар біздерді қатты қуантуда. Ең бастысы, ауданымызға ауыз су келді. Оның үстіне аудан орталығы көз тартарлықтай көрікті нысандармен толықты. "Жеңіс" паркі жаңарып, "Достық", "Бейбітшілік" саябақтары салынды. Бұлар біздің жаз айында жиі барып, демалатын жайлы орындарымыз. Көктем келісімен, аудан іші абаттандырылып, көшелерге көшеттер мен гүлдер егіледі. Айтпақшы, былтыр кіреберіске ата-бабаларымызға құрмет ретінде қазақ батырының ескерткіші қойылды. Әсіресе, бұл – ескелең ұрпақ үшін өнегелі іс болды.

Жалпы, ауданымызда атқарылған жұмыстардың дені болашақ үшін жасалып жатқан игі қадамдар деп білемін. Мен, жыл сайын ілгері басқан Сарыкөлімнің болашақта өзге аудандардың ішінде алдыңғы сапыда болатынына бек сенемін!

ТҮЙІН:

Жалпы, тоқсан бес жылдан астам тарихы бар Сарыкөл бүгінде аудан әкімі Эльдар Күзенбаевтың басшылығымен, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сарабдал саясатының арқасында дәл осылай үздіксіз дами беретіні даусыз. Қостанай облысы мен ел экономикасы үшін қосар үлесі де қомақты.

Сарыкөл ауданы.

Бетті дайындаған
Руслан ӘЛКЕЕВ



● БІЛІМ – МӘҢГІЛІК ҚАЗЫНА

Заңдағы өзекті өзгерістер

Гүлназым
САГИТОВА

Уақыт талабына сай Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені белгілі. Бұрнағы заңның мазмұнынан қазіргі заңның айырмашылығы қандай деген сауалмен біз облысымыздағы білім саласындағы бақылау департаментінің басшысы, педагогика ғылымдарының кандидаты, философия докторы (PhD) Бәтима Даумовамен әңгімелескен едік.

— ҚР-ның "Білім туралы" заңына енгізілген толықтырулар мен өзгерістер туралы министрлікте 2015 жылғы желтоқсан мен 2016 жылғы қаңтар айында өткен коллегияда, алқалық отырыста жан-жақты айтылды. Жалпы, 2007 жылғы қабылданған "Білім туралы" заңның барлық баптарына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Орта білім беру саласы бойынша енгізілген өзгерістерге тоқталып өтсек, мәселе заңның 1-бабына "білім беру", "білім беру қызметі", "білім беру бағдарламасы", "оқу жоспары", "сынып жетекшілігі" деген жаңа ұғымдар енгізілді. Қоғамда осы мәселелер бойынша әр түрлі пікірлер айтылған-ды, енді Заңмен реттелді. Сол секілді орта білім беру ұйымдары үшін мектеп формасы міндетті болады. Оған қойылатын талаптарды ҚР БҒМ өзірлейді және бекітеді делінсе, ал мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтау заңды түрде білім алушылар мен ата-аналарға міндеттелді. Мектеп формасы республикамыздың барлық білім ұйымдарында бірыңғай болуы керек деген қарастырылмаған, министрлік тарапынан оның жалпы үлгісін анықтайтын ереже қабылданып отыр. Сынып жетекшілігін атқару да заңдастырылды.

— **Әдетте кезекті жаңа оқу жылы басталғанда оқушысы бар ата-ананың да, мектептің де, ұстаздың да ең өзекті проблемасы — ол оқулық. Біреуі бар болса, екіншісі табылмайды, не кітап дүкеніне түскен жоқ, я тапсырысқа берілген оқулықтар мектеп кітапханасына мерзімінде жеткізілмеді деген секілді әңгімелердің айтылатыны белгілі.**

— Орта білім беру ұйымдарын оқулықтармен қамту енді жаңа жүйе бойынша жүзеге асырылады. Бұрын министрлік тек қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың тізімін бекітсе, ендігі бұл тізімді министрлік республикалық және жергілікті бюджет бекітілгенге дейін бекітеді. Сонымен қатар, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын өзірлеу, сараптама, сынақ өткізу, мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын өзірлейді әрі бекітеді және осы жұмысты ұйымдастырады. Заңға сәйкес 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастауыш, 2020 жылдан — негізгі, 2022 жылдан — жалпы орта білім беру бағдарламаларын оқыту үшін бірыңғай оқулықтар енгізіледі. Оның сыртында, білім саласындағы жергілікті атқарушы органдар жыл сайын

1 тамызға дейін қағаз және электронды түрде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына, мамандандырылған және арнайы білім ұйымдарына, ал ауданның білім саласындағы атқарушы органдары — жалпы орта білім беру ұйымдарына оқу жылына жасалған болжам негізінде сатып алуды және жеткізуді қамтамасыз етеді.

Білім ұйымдарына да бұл жұмыстың жүйелі өтуіне жауапкершілік артырылды. Білім беру басшылары ата-аналарды (заңды өкілдерді) оқу жылының соңына дейін алдағы оқу жылына қолдануға ұсынылған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің тізімімен таныстыруы қажет.

— **ҚР-ның "Білім туралы" заңында тағы да қандай өзгерістер бар?**

— Заңдағы өзгерістердің бірі — білім сапасын бірыңғай ұлттық бағалау жүйесін дамыту. Жаңашылдығы сол, ендігі уақытта білім алушылардың білімін бағалаумен қатар білім ұйымдарының сапасы да бағаланатын болады. Оқу жетістіктерін сырттай бағалау — білім ұйымдарынан тәуелсіз өткізілетін оқыту сапасына мониторинг жасау болып табылады. Биылғы жылдан бастап оқу жетістіктерін сырттай бағалау бастауыш білім беру бағдарламаларын меңгеруе мониторинг жасау мақсатында жүргізілсе, негізгі орта білім беру бағдарламаларын игеруге мониторинг пен оқу-тәрбие процесінің тиімділігін бағалау мақсатында өтеді. Ол үшін министрліктің құзыретіне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау ережелерін өзірлеу жүктелген.

Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатыспай оның қорытындысы туралы сертификат алу шарттары өзгертілді. Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, алдағы уақытта ҰБТ-ға қатыспай, ҰБТ қорытындысы туралы сертификат алуға тек жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиада мен ғылыми жобалар конкурстарының соңғы үш жылдағы жеңімпаздары ғана (жалпы орта білім туралы үздік аттестат және жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестатын алуға үміткер түлектерді қоспағанда) білім беру саласындағы уәкілетті орган қорытынды бағаларды сертификаттар балына ауыстыру негізінде берген ұлттық бірыңғай тест нәтижелері туралы сертификаттар алады. Осы жылға дейін бұл құқыққа аталған



шараларға қатысқан оқушылар да ие болған еді.

Педагогтың қызметіне қойылатын талаптар да қатайды. Білім беру ұйымдарына жұмысқа тұру үшін психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерден міндетті түрде анықтама қажет. Министрлік тарапынан педагогикалық этика ережелері бекітілді. Педагогикалық мамандықтарға оқуға қабылдау кезінде 2016 жылдан бастап шығармашылық емтихан тапсыру енгізілді.

Білім ұйымдары басшыларын тағайындау шарттары да өзгертілді. Мектепке дейінгі, орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын, мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы лауазымға конкурстық негізде тағайындалатын болды.

Білім алушылардың тамақтандыруын ұйымдастыру сұрақтарына қатысты өзгерістер де бар. Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамасында орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленіп және білім алып жатқан балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу бөлігінде реттелген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының нормалары қолданылмайды.

— **Жоғарыда айтып өткен өзгерістер негізінен жалпы орта білім беруге қатысты болса, техникалық және кәсіптік білім беру саласын қандай өзгерістер күтіп тұр?**

— Ең бастысы сол — заңдағы өзгерістер бұл жүйенің практикалық маңыздылығын

күшейтуге мақсатталған. Колледждер мен жұмыс берушілер арасындағы іскерлік қатынасты дамыту үшін "дуальды оқыту" ұғымы енгізілді. Ол "кәсіпорынның, оқу орнының және білім алушының жауапкершіліктері тең болған кезде білім беру ұйымындағы оқытуды кәсіпорында білім алушыларға жұмыс орындарын бере отырып және өтемақы төлемін төлей отырып, оқыту мен практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны" болып белгіленді. Дуальды оқыту кадрлар даярлауда бизнесті кең қатыстыруға және заманауи өндірісті ескеруге мүмкіндік береді. Дуальды оқыту пайдаланылатын техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары білім беру ұйымдарындағы теориялық оқытуды және кәсіпорын базасында кемінде алпыс пайыздық өндірістік оқытуды, практиканы көздейді деп Заңмен белгіленген.

Жаңартылған Заңда "жоғарғы техникалық мектеп" ұғымы "жоғары колледж" ұғымына ауыстырылды. Ол — "техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің интеграцияланған модульдік білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны" ретінде бекітілді.

Заңдағы өзгерістермен реттелген келесі бір жағдай, еңбек нарығында қажеттілігі жоқ кадрларды даярлау мәселесі. Мемлекеттік тапсырысты еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, бекіту шарты енгізілді.

Заңға "Білім беру қызметімен айналысу лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған кезде лицензиат оқуға қабылдауды жүзеге асыруға құқылы емес" деген толықтыру енгізілді. Бұл шарт техникалық және кәсіптік білім беру сапасын арттыруға бағытталғаны сөзсіз.

— **Заңдағы өзгерістер сіздердің департаменттеріңізді де айналып өтпеген шығар?**

— Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңында мемлекеттік бақылаудың түрлері өзгеріссіз қалды. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау және Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасының және білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының сақталуын бақылау болып табылады. 2016 жылдың қаңтарында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі білім беру жүйесіне тексеру жүргізу бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарының нысанын тиісті бұйрықпен бекітті. Осыған байланысты Департаменттің қызметі туралы Ережеге толықтырулар енгізу арқылы жергілікті атқарушы органдар — аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің және облыс әкімдігінің білім басқармасының жұмысын тексеру құзыреті енгізілді. Жоспардан тыс тексерістерді өткізудегі бастысы — "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының орындалуы.

— **Әңгімеңізге рахмет.**

● СТАТИСТИКАҒА ЖҮГІНСЕК

2016 жылғы қаңтардағы Қостанай облысының негізгі әлеуметтік-экономикалық индикаторлары: салыстырмалы мониторинг

Өнеркәсіп. 2016 жылғы қаңтарда облыс кәсіпорындары қолданыстағы бағаларда 35,9 млрд. теңгенің өнімдерін өндірді (2015 жылғы қаңтар — 35,2 млрд. теңге). 2016 жылғы қаңтарда нақты көлем индексі 2015 жылғы қаңтармен салыстырғанда 79,3% құрады.

Өндірістің төмендеуі кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда 35,7%, сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылауда — 13,4%, өңдеу өнеркәсібінде — 4,6%,

электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптауда — 1,1% байқалды.

Ауыл шаруашылығы. 2016 жылғы қаңтардағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 11300,2 млн. теңге (ағымдағы бағаларда) болды немесе 2015 жылғы қаңтарға 100,5%, одан өсімдік шаруашылығы өнімі — 1,3 млн. теңге (100,0%), мал шаруашылығы — 11298,9 млн. теңге (100,5%). Мал мен құстың барлық түрлерінің етін өндіру тірі салмақта 9,3 мың тоннаны құрады (2015 жылғы қаңтарға — 100,3%), сиыр сүті — 17,6 мың тонна (99,7%), тауық жұмыртқасы — 37,9 млн. дана (100,2%).

Инвестициялар. Негізгі капиталға салынған инвестициялар бағалау есебімен 2016 жылғы қаңтарда 6963,1 млн. теңгені немесе 2015 жылғы қаңтарға 117,3% құрады.

Бағалау есебімен орындалған құрылыстық жұмыс пен қызметтер көлемі 2016 жылғы қаңтарда 781,3 млн. теңгені немесе 2015 жылғы қаңтарға 46,2% құрады.

Қаржыландырудың барлық

көздері есебінен жалпы аланы 37152 шаршы метр болатын тұрғын үйлер пайдалануға берілді немесе 2015 жылғы қаңтарға 112,5%.

Сауда. 2016 жылғы қаңтарда бөлшек сауда көлемі 15,3 млрд. теңгені құрады немесе 2015 жылғы қаңтарға 93,1%.

Көлік. 2016 жылғы қаңтардағы автомобиль көлігімен тасымалданған жүктің көлемі 19,5 млн. тоннаны құрады немесе 2015 жылғы қаңтарға 98,0%. 2016 жылғы қаңтардағы жүк айналымы 781,5 млн. т.км құрады немесе 2015 жылғы сәуірге 97,3%.

Автожол көлігімен 146,0 млн. жолаушы тасымалданды немесе 2015 жылғы қаңтарға 99,4%.

Бағалар. Инфляцияның жалпы

деңгейін сипаттайтын тұтыну бағасының индексі 2016 жылғы қаңтарда 2015 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 102,1% құрады, оның ішінде азық-түлік тауарларына — 101,5%, азық-түлік емес тауарларға — 100,8%, ақылы қызметтерге — 103,9%.

Тұрмыс деңгейі. Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы 2016 жылғы қаңтарда 18649 теңгені құрады, республика бойынша — 20145 теңге.

Еңбек нарығы. 2016 жылғы 1 ақпанға жұмыспен қамтудың уәкілетті органдарында экономикалық тұрғыдан белсенді халық санында тіркелген жұмыссыздардың үлесі облыс бойынша 0,4% құрады, республика бойынша — 0,7%.

Қалаларың қалай, серпіндіктер?

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасында: «Елімізде жұмыс орындарын құрудамыз, жаңа өндірістер салудамыз. Сондықтан, жұмыс бар жерге бару керек» – деп көрсетті. Мемлекет басшысының осы идеяларын еске ала отырып, ҚР Үкіметі жастарға арнап арнайы бағдарлама қабылдады. Бүгінгі Серпін-2050 «Мәңгілік Ел Жастары – индустрияға» Мемлекеттік бағдарламасы осы бастамаға үндеу қосып, барынша жастарға қолдау көрсетуде. 7 жоғарғы оқу орындарының арасында грант саны жағынан топ жарып тұрған өзіміздің А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті. Осыны негізге ала отырып, университетке «Серпін» бағдарламасымен келген студенттермен студенттік өмірлері тұрғысында сырласып көрдік.

Солтүстіктің өзге де қалаларының ішінен Қостанайды таңдауыңа не себеп?

Қымбат Қонысбек, Тараз қаласы: «Серпін-2050» бағдарламасының негізінде Солтүстік аймақтардағы оқу орындарының біреуін таңдауға тура келді. Интернеттен іздестіре келе Қостанай қаласын ұнаттым. Сондықтан да таңдадым.

Жазира Әуез, Шымкент қаласы: Таңдауымның Қостанайға түскеніне өкінбеймін. «Серпін – 2050» бағдарламасы негізінде қазіргі таңда өзім білім алып жатқан ҚМУ-не көп грант бөлінген екен. Бір жағынан теледидардан, интернеттен іздестіре келе, әдемі қала екеніне көзім жетті. Сол себептен де Қостанайда білім алуды ұйғардым.

Салтанат Ақытбек, Талдықорған қаласы: Қостанай – экологиялық жағынан өте таза қала. Бұл сөзімді «Серпін» бағдарламасымен келген кез келген студент растайды. Білім сапасы жағынан алдыңғы қатардағы оқу орындары бар қала таңдауымнан адастырмады.

Асылжан Қалмен, Қызылорда қаласы: Шыны керек, Қостанайда оқимын деп ойламаппын. Алғаш оқуға құжат тапсырғанда төрт қаланы белгілеген едім. Кейін Қостанайға түскенімді естідім. Қала көңілімнен шықты.

Жанар Әбдіреш, Алматы қаласы: Басында өзім Алматыда білім аламын деп жоспарлаған едім. Оқу құжаттарын тапсыруға барғанда сол жердегі апайлар Қостанай қаласын ұсынды. Кейін хабарласып Қарағандыға түстің деді. Ал сертификатымда Қостанай деп тұр екен. Сөйтіп, өзіме таңсық қалаға оқуға келдім. Ең бастысы, грантта білім алатыныма қуандым.

Мектеп өмірінен студенттік өмірге қадам басқандарыңызға 6 айдай уақыт өтті. Алғашқы кезде оқу барысында қандай қиындықтар болды?

Қымбат: Ең бірінші университеттің оқу жүйесін түсіне алмадық. Одан кейін менің мамандығым 3 тілде оқытылады. Осы тұрғыдан қиналған едік, қазір етіміз үйреніп кетті.

Жазира: Мектептен кейін университетке қадам басқан соң, басында оқу орнының талаптарын орындау қиын болды. Ізденудің, оқытушылармен тіл табысудың арқасында оқуда жетістіктерге жетіп жатырмыз. Ең бастысы, төзе білсең кез келген қиындық артта қалады.

Салтанат: Аттестация, сессия деген терминдер бізге жат болды. Кейіннен оқытушыларымыздың арқасында бәрінде түсіндік. Бәрі ойдағыдай өтуде.

Асылжан: Университет өміріне үйренісе алмау 1-курс студенттерінің барлығының бастарынан өткен қиындық. Группаластар арасында, мұғалімдермен тіл табысуда басында аздаған қиындықтар туындады. Кейін барлығы өз орнына келді.

Жанар: Алдымен қала өміріне үйрене алмадым. Оқуда айтарлықтай қиындық болмады. Қазір студент атанудың маңызын түсінгендеймін.

Қазіргі таңда өзің білім алып жатқан мамандыққа көңілің тола ма?

Қымбат: Менің мамандығым – Есептеу техникасы және бағдарламамен қамтамасыз ету, бір сөзбен айтқанда, болашақ программистпін. Бүгінде техниканың дамыған заманында бұл мамандыққа сұраныс көп. Сөзсіз көңілімнен шығады.

Жазира: Әрине, мамандығым мақтанышыма айналады деп сенемін. Ол Мал шаруашылығының өнімдерін өндіру технологиясы деп аталады. Өте қызықты және де сұранысқа ие мамандықтардың бірі.

Салтанат: Білім алып жатқан оқу орныма, мамандығым ризамын. Солтүстікте жетіспеушілігі сезілетін кәсіптердің қатарында менің мамандығым бар. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясын меңгеруге көбісінің желкесі жар бермейді. Алайда мен қателеспедім деп ойлаймын. Жақсы маман болып шығамыз деп үміттенемін.

Асылжан: Бүгінде ветеринарлық санитария мамандығында оқимын. Жаман емес, өзіме ұнайды.

Жанар: Бала кезімнен СЭС маманы болу арманым еді. Ветеринарлық медицина мамандығы сол арманымға жол ашты. Қалап түскен мамандық қашанда ұнайды ғой!

Өзің осы уақытқа дейін тұрып келген Оңтүстік өңірдің, қазіргі күнде білім алып жатқан Солтүстіктен қандай айырмашылығы, ерекшелігі бар?

Қымбат: Біріншіден, ауа райы және табиғатында айырмашылық көп. Екіншіден, Қостанай қаласының тұрғындарының басым көпшілігі орыс ұлтынан, қазақтардың кейбірі қазақша түсінбей жатады.

Жазира: Бұл қалада қазақтар аз және қазақы салт-дәстүр сақталмаған сияқты көрінеді өзіме.

Салтанат: Қостанайдың қысы қатты салқын болады екен. Көктайғақ болды. Біз мұндайды көрмегенбіз. Қазір үйренісіп кеттік.

Асылжан: Білімге өте қатты қарайды. Оңтүстік жақта көбіне дипломды сатып алып жатады. Жасыратыны жоқ, қазір жемқорлық өршіп кетті. Дегенмен, оқу орнынан ондай олқылықтар байқаған жоқпын.

Жанар: Сөйлеу мәнерлерінде, тілдерінде айырмашылықтар көп. Әр жақтың өзінің диалект сөздері бар. Жергілікті студенттер кейде біздің сөзімізді, біз олардың сөздерін түсінбей жатамыз.

Студенттік өмір, жатақхана жайы қалай?

Қымбат: Студенттік өмірдің ең қызықты шағы жатақханада өтеді. Әркім әр жақтан келген соң мінездері де әртүрлі болады. Бір бөлмеде тұрып, жақсы тіл табысып кеттік.

Жазира: «Серпін» бағдарламасының негізінде бізге жатақхана да берілді. Мұнда тұру өте қызықты. Студенттік өмірдің қызығына әлі тоймай жүрміз.

Салтанат: Студенттік өмірдің қызығы мен қиындығы қатар жүреді. Көп достар таптық. Стипендиямыз түскенде бірге бас қосып, түрлі орындарға барамыз. Туған күндерді де бірге атап өтеміз. Қиын кезде бір-бірімізге қол ұшын созуға дайынбыз. Осымен қызықты шығар деп ойлаймын.

Асылжан: Ата-ана қамқорлығынсыз басқа түскен қиындықты өзің шешетін кезең. Ең бастысы, мамандығымызды ойдағыдай аяқтап, ата-анамызды қуанту. Жатақханада бәріміз бір үйдің балаларындай тұрып жатырмыз.

Жанар: Студенттік өмір қызықты өтуде! Тек жатақхананың алыстығы болмаса. Бір бөлмеде 5 қыз тұрамыз. Басында бір-бірімізді түсіне алмайтын едік. Кейін үйрендік қой. Ешкімге сенуге болмайтын, қандай қиындық болса да өзің шешу керектігін ұғындық. Жаңа орта, жаңа достар. Бәрі тамаша!

Ақбота САҚҰЛОВА.

Сайт сөйлесе

Асан Сағынай: Шынымен де, «Серпін – 2050» – ең ұтқыр, келелі бағдарлама! Мемлекет жастардың білім алуына қамқор болып қана қоймай, теріскей аймақты қазақыландыру саясатын көздейді. Рас, көп жастың білім алған жерінде жұмысқа тұрып, шаңырақ құрып, тұрақтап қалмасына кім кепіл? Бұл бағдарламаның алдағы жылдарда да жалғасын таба беруін тілер едік.

Ерлік: «Серпін» бағдарламасы жөнінде көптеген мақалалар оқыдым. Бұларға барлық жағдай жасалған. Тек оқуларын жақсы аяқтаса болғандары, мемлекет тіпті жұмыс жағын да қарастырып қойған көрінеді!

Гүлім: Солтүстік өңірде мамандар тапшы. Ал оңтүстікте диплом алған қаншама жастар жұмыссыз жүр. Сол үшін де осы бағдарлама қолға алынған. Ел болашағына үлес қосады деп сенеміз.

● ДІНІҢ – ДІНГЕГІҢ

Қауіптің алдын алу

Ел Президентінің 24.09.2013 жылғы 24 қыркүйектегі №648 Жарлығымен Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама бекітіліп, қазіргі уақытта іске асырылуда. Аталған бағдарламаның мақсаты – діни экстремизм көріністерінің алдын алу және терроризм қатерлеріне жол бермеу арқылы адамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері: қоғамда діни сананы және радикалдық идеологияға деген иммунитетті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру.

Дінді жамылған экстремистік және террористік идеологияның таралу процесі соңғы уақытта іс жүзінде бүкіл әлемде ауқымды сипатқа ие болып отыр. Қазақстан әлемдегі сыртқы саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты өзінің гео-саяси жағдайына қарай, Орталық Азия өңіріне географиялық жағынан жақын Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі тұрақсыздыққа орай халықаралық терроризмге қарсы күрестің негізгі бағыттарының бірінде қалып отыр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы терроризм қатерінен қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларының жүйесін әзірледі, оның тиімділігі біртіндеп арттырылып жатыр.

Мемлекет басшысы 2013 жылы басқа шаралардың қатарында этносаралық тағаттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін жетілдіруге бағытталған іс-шараларды қамтитын Қазақстан халқы Ассамблеясының (2020 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасын бекітті. Сонымен қатар, экстремизм мен терроризмнің алғы шарттарын анықтау мен жолын кесу үшін заңнамалық және ұйымдастырушылық база құру әрі оны жетілдіру жөнінде елеулі жұмыстар атқарылды.

Осыдан он бір жыл бұрын "Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы" және 1999 жылы "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары қабылданды. Онда экстремизм мен терроризмнің алдын алу мен оған қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздері белгіленген, негізгі ұғымдық анықтамалар мен осы бағыттағы мемлекеттік органдардың құзыреті, сондай-ақ осы саладағы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары айқындалған.

Елбасының "Қазақстан–2050" стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Жолдауында басым міндеттердің ішінде радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен көріністеріне қарсы іс-қимыл айқындалған. Бұл ретте қоғамда, ең алдымен, жастар ортасында діни экстремизмнің алдын алуды күшейту қажеттілігіне, сондай-ақ конфессия-аралық бейбітшілік пен келісім орнаған, діншілдер мен атеистік көзқарасты ұстанған азаматтардың да құқықтары сақталатын және құрметтелетін зайырлы мемлекет – Қазақстан Республикасының дәстүрлері мен мәдени құндылықтарына сәйкес тұрғындарда діни сананың қалыптасуына ерекше назар аударылады.

Бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар ретінде Бас прокуратура, ұлттық қауіпсіздік комитеті, орталық, жергілікті және өзге де мемлекеттік органдар болып табылады.

Е.ҚОЙБАҒАРОВ,

Қостанай облыстық прокуратурасының 3-ші баскарма прокуроры.



Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Мұхтасиб Әлмұхамед молла атындағы Арқалық қалалық мешітінде осындай атаумен жас ұрпаққа имандылық тәрбиесін беру, Мұхаммед пайғамбардың хадистері мен сүннет қағидаларын насихаттау мақсатында жоғары сынып оқушыларына тәрбиелік дәріс өткізілді.

Дәрісте ел ағалары қалалық мешіттің бас имамы Б.Торғайбайұлы мен ҚР-ның Мәдениет қайраткері Ж.Әмірбекұлы Отанды сүю, ата-ананы құрметтеу сынды адами құндылықтардың маңыздылығына тоқталып, оқушылар ислам діні және қазіргі қоғамдағы өзгерістер жөнінде сұрақтар қойды.

– Діни дәрістің негізгі мақсаты – жас ұрпақтың діни сауатын ашу. Жастарды адамгершілікке, мейірімділікке, мәдениеттілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу. Осы орайда бүгінгі дәрісімізге атсалысқан А.Құнанбаев атындағы №6 мектептің оқушылары мен ұстаздарына алғысымызды білдіреміз, – дейді шараны ұйымдастыруға мұрындық болған қалалық мәдениет сарайы әдебиет бөлімінің меңгерушісі Жандос Ерғазыұлы.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Дәріс көріністері.

Имандылық иірімдері

**Руслан
ӘЛКЕЕВ**

Қасиетті жұма күні Сарыкөл ауданының бас имамы Дәулетбай қажы Әбдіхалық Қара-Оба ауылына арнайы барып, мектеп мұғалімдері және оқушылармен жүздесіп, діни дәріс өткізді.

Дәулетбай қажы Махмұтұлы "Тәрбие негізі – имандылықта" екенін айта келіп, оның пенде жанын ұйытар, санасын таза ұстауға баулитын иірімдері – адамгершілік, ізеттілік, қайырымдылық, инабаттылық, ақыл-парасат және руханилық тұрғысында уағыздады. Әр сөзін адам көзін ашар нұрлы сәуле, шапағаты үшан-теңіз – Құран Кәрім мен Пайғамбарымыз Мұхаммед ғалейһи уассаламның хадистерімен нақтылады. Одан әрі өз ойын Абай атамyzдың қалдырған құнды сөздерімен ұштай түсті. Сондай-ақ, саналы мен санасызды салыстыра отырып, кертартпа заманның кейбір келеңсіз көріністерін мысалға келтіріп, оның бәрі имансыздықтан екендігін алға тартты. Қазіргі қоғамдағы ата-анасын сыйламай жүгенсіз жүргендерді, шаранасын шырылдатып түзге тастап жатқан жетесіздерді сынға алды.

Әсіресе, Ислам дінінің рақым нұры ретінде жіберілгенін және оның асыл қасиеттерін дәріптеді. Өскелең ұрпақтың санасына өмір бақи серік қылар имандылыққа бастайтын қасиетті ұғымдарды ұғындырды.

Нақтылай келсек, келелі кездесу кезінде: "Адам баласы Алла алдында не үшін ардақты?", "Адам немен құнды?", "Ислам дегеніміз не?", "Имандылыққа нелер жатады?", "Ата-бабамыз бізді кеше қалай тәрбиеледі?" – деген сауалдарға дәлел-дәйекпен жауап берді.

– Алла тағала күллі адамзатты сүйіп жаратты, тіпті миллиондаған клетканың ішінен таңдап алды. Біздің хайуаннан айырмашылығымыз – санамызда. Яғни, бойымызда ақыл, парасат, білім секілді құнды нәрселер бар.

Барлық адам Адам ата мен Хауа анадан тараған. Біздің негізіміз бір. Бар адамның жара-



тылысы бір. Ешкімнен ешкім кем емес. Алайда, Алла тағаланың алдында тек құнымыз бөлек болады. Сондықтан, адам баласы өз құнын білуі керек. Білмегеннен кейін біз оны аяқ асты етеміз. "Қолда барда алтынның қадірі жоқ" – деп қазақ атамyz бекер айтпаса керек, – деді бас имам.

Жүздесу соңында Б.Өтетілеуов орта мектебінің директоры Болат Қаденов сөз алып, оқушыларға ой салар тағылымды дәріс өткізгені үшін бас имамға ақ алғысын айтты.

Сарыкөл ауданы.

Тұрақтылыққа төнген қауіп

Соңғы кездері лаңкестер дәстүрлі діндерді ушықтыруға, басқа өркениеттермен қақтығыстыруда, осы арқылы тек дінаралық татулықты емес, сонымен қатар мұсылмандар арасында да іріткі салуда. Осыған орай, кесапаттың алдын алу мақсатында "Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" бүгінгі күні іске асырылуда. Бағдарламаның басты мақсаты – діни экстремизм мен терроризмнің алдын алып, адамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осы бағдарламаны іске асыру үшін, жастар арасында, қауым арасында терроризмнің бет пердесін ашу мақсатында біз ақпараттық-насихаттық жұмысын пәрменді түрде жүргізуіміз қажет.

Алтынсарин ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің жоспарына сәйкес Ы.Алтынсарин атындағы

Обаған орта мектебінде жастар арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға бағытталған ақпараттық алдын алу шараларын өткізу іске асырылуда. Соның бірі "Діни экстремизм мен терроризмге жол жоқ!" тақырыбында сыныптан тыс іс-шара 9-11 сынып оқушылары арасында өткізілді.

Мақсаты: Терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу және онымен күресудің жолдары, елімізге келтіретін зардаптарын жан-жақты талдап, оқушыларға ой салу, қатер төндіретін жат діни ағымдардан сақ болуға, жастарды Отан сүйіштікке тәрбиелеу, сыныптан тыс іс-шара барысында лаңкестік әрекеттер, экстремизмнің пайда болуы, терроризм мен оған қарсы күрес, трэффикинг (адам саудасы), киднепинг (бала саудасы), дүниежүзі бойынша трэффикингтің көпшілік құрбаны – әйелдер мен жас балалар болуы жайында сөз қозғалды.

Діни экстремистік ұйымдар қандай да бір елдегі қалыптасқан тәртіпті

бұзуға әрекет жасайды және бұл істе өзінің қатарына жастарды тартады. Діни экстремизм – діндердің табиғи қалыпта дамуына саяси бөгет, адамның гуманистік болмысына жат құбылыс. Осылайша оқушыларға діни экстремизм мен терроризм туралы көптеген мәліметтер түсіндіріліп, мазмұны кеңінен талқыланды. Осы тақырыпта бейнефильм көрсетілді. Осындай қауіп-қатерден аулақ болып, жақындамауы жайлы сөз болды. Оқушылар тақырып бойынша өз ойларын білдіріп, пікірталастар жүргізіп, қауіпті екенін түсініп, жоламауға бекінді. Сондай-ақ мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы "Озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу" тақырыбында өткізілді. Қазіргі қоғамдағы ең маңызды мәселелердің бірі – теріс ағымдағы жат дүние – діни экстремизм жайында айтылып, бейнебаян көрсетіліп, сауалнама алынды.

Арайлым АХМЕТЖАНОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы
Обаған орта мектебі.

Алтынсарин ауданы.

Игі іс қылған жанның ізі өшпейді

"Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын" – дейді халық даналығы. Айналасына, жүрген ортасына шарапаты тиген үлкен жүректі жандарға қаратып айтылған болса керек бұл нақыл. Біз де осы ұлы сөзді ту етіп алып, ауылымыздағы жанашыр ағамыз Сейтхожин Ахмедия Әмірбекұлы жасаған игі істі оқырман жұртшылықпен бөліспекпіз.

Өткен жылдың жаз айында Қабырға ауылында күрмеуі күрделеніп, іске аспай жүрген мәселе – ауыл маңындағы ата-баба бейіті қоршалды. Ата-бабаларымыз, жақын туыстарымыз жатқан бұл бейіттің айналасын қоршау туралы айтылып келе жатқалы қашан. Ахмедия Әмірбекұлы Алла разылығы үшін игілікті іске мұрындық болып,

қорымды қоршауды қолға алды. "Жұмыла көтерген жүк жеңіл" демекші, бұл іс ауыл тұрғындарынан қолдау тауып, қаржылай, жұмыс қолын созып жатты. Ауылымыздың жанашыры Ахмедия сынды ағамыздың басшылығымен қорымды қоршауға 2 млн 700 мың теңгеге жуық қаражат жиналып, қорым халыққа кіріп-шығуға ыңғайлы етіп жасалды. Ахмедия Әмірбекұлы бұл қаржыны жергілікті ауыл тұрғындарынан ғана емес, бұрын тұрған, бейітте жақын туысқандары жерленген, барша қабырғалық отбасылардан жер-жерді аралап жинады. Әрине, бұл оңай шаруа емес еді, мұнда мақсатқа жету жолындағы зор еңбек пен табандылық жатыр. Ахмедия Әмірбекұлы мұндай қадам жасамағанда,

ауылдағы қазіргі таңда 30-дан сәл асатын шаңырақтан осынша қаржыны шығару қарапайым ауыл тұрғындары үшін қиын болар еді. Сонымен қатар осы істе Молдашев Алмат Аманжолұлының еткен еңбегі зор. Дәнекерлеуші жігіт бейітті қоршап біткенше басынан аяғына дейін қолғабыс етті. Олардың игі істеріне халық дән риза.

Игі іс аяқталысымен ауылымызда ас беріліп, аруақтарға құран бағышталды. Ата-бабамыз "Өлі жебемей, тірі байымайды" деген қағиданы осындайда айтқан шығар.

Сарбай СМАҒҰЛОВ,
Н.К.Крупская атындағы
жалпы білім беретін негізгі
орта мектебінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Аманкелді ауданы.

ТАҒДЫРЫ БӨЛЕК ЖАНДАР



— Арманның емделуіне қаражат жинаған азаматтарға, барша науырсымдықтарға, ауданның барлық дерлік мекемелеріне, әсіресе алғашқылардың бірі болып өз көмегін ұсынған жеке кәсіпкер Әділет Бекетұлы Сұлтанов пен Мәди Өмірзақұлы Ихтиляповқа алғысымыз шексіз, — деп ағынан жарылады Науырзым ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Шынар Әбілова. — Аудан тұрғындарының қолдауы болмаса осындай мүмкіндікті жіберіп алар едік. Өсіп келе жатқан бала үшін уақыттың орны тым қымбат қой. Бұл бала көз алдымызда ер жетіп келеді. Бүгінгі күнде жамандықты жасырып, бетін әрі қылсын деп, осындай мейірімді, жақсылықты паш етуіміз керек. Сонда өсіп келе жатқан жастар «мен де осындай боламын, жақсылық істеймін» деп ұмтылады.

Облыс бойынша барған алты баланың бірі — Арман еді. Жолы оңынан болып, жерлестері қолдап, демеп жіберді. Арманның анасы да, өзі де сондай риза. Ота жасаған хирург баланың ересек болып қалғанына байланысты ем нәтижесі өзге жасы кіші балалардан төмен болаты-

Арманның армандары

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Ол әкеден ерте айырылды. Анасы, ағасы, қарындасы оның бар жақыны. Отбасымен Қараменді селосында тұрады. Нарық заманының бар қиыншылығын бала да болса көріп, сезіп өсті. Сондықтан да болар шамадан тыс еркелеген емес. Анасына қолынан келгенше қолғабыс етіп, үнемі тұрмыстың ауыр жүгін жеңілдетуге тырысып келеді.

Адам баласының басындағы ең басты байлық — денсаулық десек те, оны естен шығарып алатын кезіміз көп. Біз денсаулықтың қадірін жақсы білетін он бес жасар жасөспірім Арман Шығанбаев жайында айтып отырмыз. Ол балалар арасында кездесетін церебралды сал ауруына шалдыққан. Тізесі толық жазылмайды, сондықтан тек аяқтарының ұшымен басып жүруге мәжбүр. Жүріп-тұруы қиын болғанымен оның қолдары қарулы, спортпен шұғылданғанды ұнатады. Қанша жүре алмаса да ойын баласының бар ойы далада. Аяғын баса алмаса да, футбол ойнаймын деп талай құлап, жарақат алған кездері де көп. Үнемі күлімдеп жүретін ақжарқын баланың

ұяңдау мінезінің ар жағында қайсарлық, өмірге деген құштарлық, құлшыныс барын жерлестері жақсы біледі.

Ер жетіп келе жатқан Арманның армандары зор. Ол тоғызыншы сыныптан кейін қатарластарымен бірге қалада білім алып, мамандық иесі болуды армандайды. Өмірден өз орнын тапқысы келеді. Бұл кез келген жанның болашаққа деген жоспары болса, Арман үшін қиындығы мол жағдай. Әрине, бірінші кезекте денсаулығын түзету қажет. Өткен жылдың желтоқсан айында «Жизнь на ладони» қайырымдылық жобасы жинаған қаражатпен Ресейдің Челябинск қаласына барып, ота жасату мүмкіндігіне ілікті. Облыстық балалар ауруханасындағы жоспарлы емге қарағанда Ресей Федерациясының жаңалық тапқышы, медицина ғылымдарының докторы профессор В.Б.Ульзибаттың патенттелген тәсілі бойынша ота жасау тиімді деп шешілген. Мұндайда ақшаның маңызы зор. Жолы болып, ақысы қайырымдылық жобасының қаражаты есебінен төленетіндей шешілді. Ал отадан кейін балаға ыңғайлы көлік жалдап, барып-келу шығындарына қосымша қаражат қажеттілігі туындады. Арманның осы мәселесінен құлағдар болған жерлестері оған қол ұшын созып, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, жүрегінде қайырымдылық сезімі бар өзге де науырсымдықтар қаражат жинауға атсалысты.

нын, бірақ бұрынғы жағдайынан қимылдауы біраз жеңілдейтінін бірден ескерткен екен. Өттең, жоқтық қолды емес, болашағын шырмады. Десе де, мұндайда бір Аллаға сену керек. Өмірде небір адам сенгісіз ғажайыптар болып жатыр емес пе?! Арманның отадан кейінгі жағдайын сұрап, тілектестік білдірушілер аз емес.

Жаңа жылдан кейін ол облыс орталығындағы мүгедек балаларды оңалту орталығына барып ем қабылдап келді. Енді наурыз немесе сәуір айларында тағы бір мәрте барып, ем қабылдауға мүмкіндігі бар.

Қазір Арман тізесін жазып, жүріп кетпегенімен табанын нық басып тұра алады. Туғаннан табаны толық жерге тимеген ол үшін бұл қандай бақыт екенін сіз бен бізге түсіну қиын шығар. Бірақ Арман үшін бір саты, бір жетістік. Алғашында денесін толық игере алмай шалқалап құлап, оған өзі қатты қобалжыған сәттері де болыпты. Арнайы құралға сүйеніп жүріп жаттыққан. Ағасы Бахтияр мен қарындасы Аяжан да бауырларына қолдау көрсетіп, үнемі қасынан табылған. Арман туралы жақсы жаңалықты біздер де жерлестерінен естідік. Ести сала газет бетіне беру керек деп ұйғардық. Жақсылықты бөлісең көбейеді демекші, жағымды жаңалықтар көп болсыншы.

СУРЕТТЕ: Арман Шығанбаев.

Психологтар бас қосқан жиын



Арқалық қаласы әкімдігінің білім бөлімінде ҚББ психолог маманы Эльмира Құлтанованың ұйымдастыруымен педагог-психологтардың «Психологиялық денсаулықты сақтау мақсатындағы педагогтардың эмоционалды әлсіреу профилактикасының әдістері мен тәсілдері» тақырыбында әдістемелік бірлестік отырысы өтті. Әдістемелік отырыс алдында Эльмира Ғабдүмәлікқызы психологтарды күн тәртібімен таныстырып, алдағы жұмыстарына сәттіліктер тіледі. №2 орта мектебінің психологы Абылайхан Алмазұлы «Эмоционалды қуатты түсірудің әдістері мен тәсілдері» тақырыбында баяндама оқыды. Бұл баяндамадағы негізгі мақсат — эмоционалдық қуат дегеніміз не? Оны түсірудің жолдары қандай екенін түсіндіру болатын. Баяндамашыға психологтар тарапынан сұрақтар қойылып, ұтымды жауаптар алынды. Екінші кезекте А.Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназия психологы Қарлығаш Әбділханова дайындаған «Педагогтардың эмоционалды әлсіреуінің профилактикасы және әдіс-тәсілдері» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды. Келесі сөз кезегін Ы.Алтынсарин атындағы гимназия психологы Гүлмира Қуандыққызы алып, ол «Мұғалімдер мен жоғарғы сынып оқушыларына арналған психопрофилактикалық сабақтардың жүргізілуі» тақырыбында дайындаған баяндамасында бейнеролик көрсетіп, таныстыру жасап, тренинг өткізді. Жоғарыда аталған тақырыпқа байланысты сөз кезегін Фурманов орта мектебінің педагог-психологы Әсем Жаңалыққызы «Ұстаздармен және жоғарғы сынып оқушыларымен жүргізілетін психопрофилактикалық жұмыстар» тақырыбында презентация көрсетті. Психологтармен сергіту тренингін жүргізді. Мұндай әдістемелік отырыстардың әсіресе жас психологтар үшін маңызы орасан зор деп ойлаймын. Себебі, бір-бірімізбен тәжірибе алмасамыз, ой бөлісеміз, пікір алмасамыз.

Әсем ӘБІЛДИНА,

Фурманов орта мектебінің педагог-психологы.

Арқалық қаласы.

Өрт қауіпсіздігі мәселесі талқыланды

Өрт қауіпсіздігі мәселесіне арналған дөңгелек үстелге білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау мекемелерінің өкілдері қатысты. Қостанай облысының Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері басқосуға қатысушыларды өткен жылғы жағдаймен таныстырды. Статистика мәліметтеріне қарағанда, Қостанай облысы аумағындағы сауда-саттық объектілерінде 31 өрт, мәдени-спорттық мекемелер мен монша-кір жуатын кешендерде 4 өрт болды. Жыл басында сауда-саттық объектілерінде тағы да екі өрт тіркелді.

Қостанай облысының ТЖД ӨҚСПҚЖББ МӨББ бас маманы азаматтық қорғау подполковнигі Қ.Тоққужинаның айтуынша, ҚР Кәсіпкерлік кодексінің негізгі ережелері мен субъектілерге (объектілерге) тексеру жүргізудің жаңа ережелерін білудің маңызы зор. Өрт қауіпсіздігі талаптарын орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілік күшейтілген. Жаңа редакциядағы ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Ережелердің көбі өзгерді. Кодекстің маңызды жаңалықтарының бірі — жауапкершілікті жеңілдететін жағдайларды анықтауда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған тұлға салынған әкімшілік айыппұл сомасын (жалпы айыппұл сомасының 30 пайызын аспауы тиіс) қысқартуға мүмкіндік беретін механизмнің енгізілуі.

Қостанай қаласының ТЖБ бас маманы азаматтық қорғау капитаны А.Ахметов өрт туғандағы қызметкерлердің іс-қимылы және адамдар көп жиналатын мекемелерде өрт қауіпсіздігінің негізгі ережелері туралы айтып берді.

Қостанай қаласының ТЖБ бастығы азаматтық қорғау полковнигі А.Оразов атап өткеніндей, өрт қауіпсіздігі ережелерін мүлтіксіз сақтау — азаматтардың сана-сезімі және жауапкершілігінің деңгейінің артуын көрсетеді. Әрі бұл өрттер санын төмендетуге мүмкіндік береді.

● ТАРИХ

ПРЕЗИДЕНТТІҢ Ұлытауда берген келелі сұхбатынан кейін алдымен тарихшы қауым ғана емес, ел болып еңсеміз көтеріліп қалды. Қазақ хандығының мәртебесін Елбасының насихаттауы талай ғасырлар тарыдай шашылып, тағдыр тауқыметін тартып келген хандар ұрпағы үшін де мәртебе болды.

Тараз қаласындағы Қазақ хандығының 550 жылдық тойына бармас бұрын төре ұрпақтары Ұлытаудың "Қара Кеңгір" өзені бойына мәңгіге тұрақтаған Шыңғыс ханның тұңғыш ұлы Жошы ханның басына барып, аруағына зиярат етіп, халқымыздың амандығы мен бірлігіне медет тілеп қайтсақ деген байламға келдік. Ұлытаудағы киелі тарихи орындар "Алашахан", "Жошыхан", "Домбауыл", "Тоқтамыс", "Едіге", "Хан Қорған" тарихи орындарына бұрын да барып жүрген болатынмын.

Қазақ хандары әліпшесін жазған Халық жазушысы Мұхтар Мағауиннің сөзімен айтсақ: Бүгінде қасиетті, Ұлт Ұясы Ұлытау өңірінде тыныстап жатқан айбынды Шыңғысханның үлкен ұлы Жошының есімімен аталатын Ұлыстың қалыптасуы, оның өркендеуі және ыдырауы аса күрделі және айтарлықтай тарих. Осы Жошы әулетінен шыққан Керей мен Жәнібек Қазақ хандығын құрғанда, "АЛАШТЫ" ұлттың ұраны, көне түрік заманынан келе жатқан бастаңба — "ТӨРЕ" таңбаны мемлекеттің Елтаңбасы, Төре таңбалы қызыл туды Бас Байрағы, Астанасын — Түркістан қаласы етіп алды. Бұл — Қазақтар Түркілердің ұрпағы екенін

көрсетіп отыр" деп атап көрсетті.

Иә, біз Түркі ұрпағымыз. Алтын босағалы Жошы Ұлысы өзінің мұрагері — болашақ



Жошы ханға тағзым

қазақ хандығының орнығуына берік негіз қалады. Жошы хан қазақ хандарының атасы, қазақ хандары Жошы құрған мемлекетті әрі қарай жалғаған нақты мұрагері. Қазақ хандарының атасы Жошы бабамыз алтын босағалы ақ ордасын Қаракеңгір өзені жағалауына кездейсоқ тікпеген болар.

Жезқазғанда Қазақ хандығының 550 жылдығына арналып "Бүкіров оқулары" аясында Рес-

публикалық ғылыми-практикалық конференция және "Кетбұға" күйлерінің тұсаукесері өтетін болып екі үлкен шара белгіленді. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Әр аймақтан жиналған тарихшы ғалымдармен қатар жүзден аса төрелер әулеті, Қытайдан, Моңғолиядан, Ресейден, Қырғызстаннан делегаттар қатынасты. Бұл шараны Жезқазғанның азаматтары өте жоғары деңгейде өткізді. Жезқазған тарихи-этнографиялық мұражайында хандар әулетімен кездесу ұйымдастырылып, Шыңғыс хан, Жошы хан басқа да қазақ хандарына байланысты кең ауқымда мағлұмат беріліп, соңынан концерт,

"Дала өлкесі" мұражайы қызметкері, ақын Мұқият Қойшыбай, Арқалық педагогикалық институтының теле операторы Темірхан Байғожин барды.

Кезінде төре тұқымдары құдаланып, туыстары тарыдай шашылып, бірі Қырымға, бірі Қытайға, бірі Шығыс Азияға, бірі мұхит асып кетуге мәжбүр болды. Елде қалғаны конфисцацияға, аштыққа, репрессияға ұшырады. Осындай алапат апаттан тек Қазақстан Тәуелсіздік алған күннен бастап құтылды. Есін жиып, еңсесін көтерді.

Біз — Ұлы Дала оғландарының ұрпағымыз. Сол ұлылар ісіне лайықты болу әрқайсысымызға парыз әрі міндет. Қазақ-

тың алып даласында Жошының сүйегінің жатуы тегін емес. 800 жылдан бері халықтың ағылып келіп, Жошыға тәу етуі Ұлы Жаратушыдан жәрдем, медет тілеуі екені сөзсіз.

Шәптібай БАЙДІЛДИН, Әлемдік Шыңғыс хан академиясының құрметті академигі, өлкетанушы, Арқалық қаласының құрметті азаматы, оюшы, қолөнер шебері.

АРҚА төсінде шығыстан батысқа қарай созылып жатқан таулар бар. Олардың шығысы Баянтау, Балқантау, Қарқаралы, Қызыларай болып басталады да, жолай Бұғылы, Тағылы, Ортау, Ақтау, Қызылтауларға ұласып, батысы Ұлытаумен тұйықталады. Бұл — өлемге әйгілі Сарыарқа. Оңтүстіктің аптабы мен солтүстіктің салқынының қақ ортасына біткен сары жонды мекен. Ұлытаудың түстік батысы көкжиекке дейін, шетіне көз жетер емес, көсілген көгілдір тартқан жасыл дала, аржағында Торғай. Үлкен Жыланшық, Сарыторғай өзендері керіле көсіліп ағып жатыр.

Осы Ұлытау қыраттары мен Торғай төсінде тарих алдында әлі ашылмаған, атам заманнан мәңгілікке сақталған мәдениет барын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Оған дәлел, бұдан бірнеше жыл бұрын АҚШ-тың ғарыш аппараттары жерден фотосуреттер түсіргенде, Торғай геолифтерін тапты (ерте заманда адамдар үйінді үйіп не тастан қалап қалдырған ұзындығы 7 метрден кем емес төбелер). Өткен жылы ол туралы тағы да сөз қозғалып, тіпті американың бас газеті "Нью-Йорк Таймста" мақала жарияланды. Алғаш табылғанда ғалымдар бұл кәдімгі геометриялық өлшеммен салынған, тік төртбұрышты, ара қашықтары тең үйінділер ғарыштан көрген адамға ой салады. Олардың өлшемі өте үлкен, тік және үш, төрт жаққа бағытталған әрбіреуі жүз төмпе-

шіктен тұрады, ортасында үлкен бір төбе тұр. Ғалымдар әртүрлі болжам айтады. Біреулері бұл белгілердің Египеттегі пирамидалармен тікелей байланысы бар десе, кейбіреуі тіпті Финляндия жеріндегі ақшамдап тізбектелген ертеден қалған тастармен тоғысады деген жорамал жасады. Бұларды

тауы тұр. Бір кезде Шыңғысханның үлкен баласы Жошы Ордасын тіккен Жаңғабыл жағасында өзен ағып жатыр. Қаракеңгір өзені бойында ғасырлар бойы қызыл кірпіштен қаланған Жошының кесенесі тұр. Шыңғыс хан заманнан қалған жалғыз белгі. Ұлытауда бұрнағы заманда екі тау қатар тұрса керек. Оны Айыртау атаған.

Бұл Ұлытауда тарихта аса белгілі Құтылықбек баласы Едіге батыр да жерленген. Кейін осы Ұлытаудың қыста қатпайтын жылы бұлағы қасына алыстағы Сібір жерінен Тоқтамыстың денесін оның баласы Қадырберді алып келіп, жерлейді. Мұнда VIII-IX ғасырдағы Қорқыт есімімен байланысты айтылатын Қорқыт көлі бар. Кетбұға әйгілі "Ақсақ құлан" күйін тұңғыш рет осы жерде орындаған. Асанқайғы, Байжігіт, Қойлыбай бақсы, Абылай хан, атақты Жанақ ақын сияқты қазақтың біртуар тұлғаларының аяқтары басқан жер. Мұнда әлгі күйшілер Тәттімбет, Тоқа, Ықылас, Дайрабайлар болған. Бұдан біз Ұлытаудың қазақтың ұлттық рухани ордасы болғанын көреміз. Ал осыдан бірер жыл бұрын Ұлытауда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтің сұхбат беруі де — ұлылықтың белгісі.

Ұлытауды, Торғай геолифін өлемге танытатын туристік жерге айналдыру — парыз. Киелі жерді туристерге барынша таныстыру үлкен мақсат. Қашанда тарих өлмек емес. Енді оң бетбұрыс — Мәңгілік ел, Ұлы Дала перзенті болу.

Жамантай УАҚБАЕВ.

Әуликөл ауданы.

Ұлытау

кім тұрғызған? Шындығына келсек, бұл ескерткіштер қалың жұртқа беймәлім. Бабалар тұрғызған қорғандар мен оба, төбелер Алтайдан сонау Альпі таулары арасында күні бүгінге дейін кездеседі. Соның үлкені — Мамай қорғаны. Ал, Алтынтау (Алтай) қорымын қазірге дейін археологтар сан түрлі зерттеулер жүргізіп, мұзды салқын жерден мәйіттерді ашуда. Екінші қорым Ұлытауда болды. Үшіншісі қасиетті Түркістанда.

Қазаққа табиғаттың өзі сыйлаған Ұлытау мен оның жанындағы Кішітау екі пирамидаға ұқсайды. Олардың қос қапталынан төгілген Қаракеңгір, Сарыкеңгір, Үлкен Жыланшық, Торғай, Ырғыз, теріскейде Есіл, Нұра өзендері бар. Ұлытаудың шығысында кішігірім Алтын Шоқы

● СОТ ІС

ҚАРАДЫ

Бас

бухгалтердің былығы

Науырзым аудандық соты Науырзым мемлекеттік табиғи қорығында бас бухгалтер болып қызмет атқарған 36 жастағы Жанар Бөрібаеваға қатысты сот үкімін шығарды.

Өткен жылдың 1 қаңтары мен 20 тамызы аралығында Науырзым ауданының Қарамеңді ауылында Ж.Бөрібаева ММ басшысының электрондық сандық қолтаңбасына қолы жете тұрып, өз жалақысының және басқа да төлемдерінің мөлшерін ұлғайтып көрсеткен. Осылайша, артық алған бюджеттік қаражатты Бөрібаева өзінің жеке картшоты есебіне және де өзінің заңсыз әрекеттерінен хабарсыз болған күйеуі Д.Бөрібаевтың картшоты есебіне заңсыз түрде аударып отырған. Сотталушы мемлекеттік мекемеден 712 228 теңге қаражатты қолды еткен.

Сот үкімімен Ж.Бөрібаева ҚР Қылмыстық кодексінің 190 бабы 1 бөлігі, 189 бабы 3 бөлігі, 2 тармағы бойынша (алаяқтық, сеніп тапсырылған бөтеннің мүлкікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу) айыпты деп танылды. Оған қаржылық және бухгалтерлік әрекетті бақылау және орындауға қатысты қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру, мүлкін тәркілеу және жалпы тәртіптегі түзету колониясында 6 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Баласын бетімен жіберіп...

Қостанай облысының Қамысты ауданының тұрғыны 2008 жылы туған көмелеттік жасқа толмаған баласының тәрбиесі мен оқуына көңіл бөлмей, ата-аналық міндетін дұрыс атқармағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Азаматша К-ның ұлы соңғы үш айда нақты себепсіз мектепке бармаған.

Қамысты селосының тұрғыны ҚР ӘҚБтК-тің 127 бабы 1 бөлігі бойынша (ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы) айыпты деп танылып, оған 7 АЕК көлемінде (15 000 теңге) айыппұл салынды.

Сот қаулысы заңды күшіне енген жоқ.

● КЕЛБЕТ



ністерімен жетті. Бүгінде оны әріптестері өз ісінің білгірі, жастардың ақылшысы санайды.

Білгір де білікті маман өмір тәжірибесінде заманауи жетістіктерден қалыспай, өз ортасында зор құрметке бөленіп келеді. Ал, абырой мен атақ адам баласына оңайлықпен келмек емес.

"Оқу инемен құдық қазғандай" десе, сол оқуды оқып, алған білімін лайықты еңбегіне жаратты. Елінің құрметіне бөленген ақ халатты абзал жан ізденіп, үйренуден жалыққан емес. Сол мол еңбек арқылы шеберлік шыңына

"Жақсыда жаттық жоқ" дейді. Жақсы адамда дос та көп, жолдас та көп. Мұхамедрахым аға үшін олардың өрқайсысы бір төбе. Халқының асыл қасиеттерін бойына сіңірген Мұхамедрахым аға үлкенге ізетті іні, кішіге қамқор аға бола білген жан. Жүзінен мейірім шуағы ескен, иманы мол, рақымы зор азамат. Жүрген жері береке, думан-мереке. Оқыған-тоқығаны, көріп-түйгені мол. Әдебиетті – әліппесінен, тарихты – тереңінен біледі. Ел ішінде "Мұхамедрахым айтыпты" деген қанатты сөздер, әзіл-өңгімелер жетіп артылады. Бір ғана мысал: – "Жыл адамы" атағын алғанымда әріптестерім теледидардан ақ тілектерін арнап еді, көшеден мені көрген іні-қарындастарым: "Ағай, туған күніңіз құтты болсын!" деп құттық-

Текті атаның тұяғы

Дәрігер Мұхамедрахым Спандиярұлы туралы сөз

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Еңбекпен еленіп, елдің ықыласына бөлену – үлкен құрмет. Осындай құрметті жандардың бірі – "Қазақстан денсаулық сақтау саласының үздігі", Арқалық қаласының "Жыл адамы" құрметті атағының иегері М.Спандиярұлы.

Мұхамедрахым Спандиярұлы 1953 жылы 28 ақпанда Аманкелді ауданының Бестау ауылында дүниеге келген. Арқалық қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы №1 мектептің түлегі. Қарағанды мемлекеттік медициналық институтының емдеу бөлімін бітірген жас маман Арқалық аймақтық туберкулезге қарсы ем қолдану диспансеріне дәрігер-рентгнолог болып жұмысқа орналасады. Міне, содан бері қырық жылға жуық уақыт бойы бір ұжымда тапжылмай еңбек етіп келеді.

"Бір жол бар алыс, алыс та болса жақын, бір жол бар жақын, жақын да болса алыс" деген. Мұхамедрахым аға атақ пен абыройға сол алыс жолмен асығып-аптықпай жеткен жан. Қысқасы, ол не істесе де атақ-дәреже үшін емес, қаңға сіңген қасиетпен еңбегінің ел мүддесінен шығуын қалады. Қол жеткізген биіктеріне өзінің ақ адал еңбегімен, ізде-

шықты.

Ол қоғамдық жұмыстардың да үнемі бел ортасында жүреді. Тәжірибелі денсаулық сақшысы мекеме-ұжымдарда, оқу орындарында аурудың алдын алу жолдарын жиі насихаттап, ақыл-кеңестерін беріп отырады. Тілегі – жастардың жаны сау болып, тәуелсіз еліміздің өркеніне өз үлестерін қосыу.

Мұхамедрахым аға туған қаласының болашағына қатты алаңдайды. Бір отбасы көшіп кетсе кәдімгідей жаны құлазып, бір түп ағаш отырғызылса марқайып, өсіп қалады. Мәдени-спорттық шаралардың үнемі бел ортасынан табылады. Жерлестері жетістікке жетсе, сол биіктен өзі көрінгендей төбесі көкке жетеді. Өзінің жеткен жетістігін жүктелген мол жауапкершілік деп санайды.

Халқының қолдауына ие болып, "Алтын дәрігер" атанған ол үлгілі отбасының тірегі. Бір үйде екіден саулық сақшысы. Жұбайы Сәуле екеуі шаттықты шаңырақтарында бір ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Аружан, Әбілмансұр атты немерелері тәтті қылықтарымен баурап, өсіп келеді. Еңбегімен еленген ерлі-зайыпты дәрігерлердің өмір жолдары жастарға үлгі-өнеге.

тап жатыр, – дейді мұртынан күліп.

Жемісті еңбек иесі текті атаның тұяғы. Өз басы ұлтқа, руға бөлінгенді қаламаса да, аруақты құлан Кейкі батырдың атын айтпай кету әбестік. Атасы қазыналы Қылышбай қарт. Ағасы Әубәкір қашан қолынан қаламы түскенше батыр бабасы жайлы деректерді іздестіруден танбады. Әкесі Спандияр жалындаған жастық шағында дүниеден өтті. Мұхамедрахым ағаның өзі де батыр тұлғалы, паң мінезді жан. Ол – тағдыр тауқыметіне мойынсұнбай өсті. Қайсарлығы, еңбек сүйгіштігі, ізденімпаздығы жастарға үлгі. "Өке көрген оқ жонар" деп ізін жалғаған ұлы Мағжан да "Өкем сияқты елдің сыйлы азаматы болсам" дейді.

Өмірдің өзі мектеп. Сол мектептен өнеге алған ағамыз жайлы осылай сыр шертіледі. Ол жүрген мектеп – өмір тағылымы. Сол жолда ағаның ғұмыры ұзақ болсын дейміз. "Жаныңда жүр жақсы адам" деп жарқын жүзімен, жүрек жылуымен ел-жұртын қашанда мол қуанышқа кенелте бергей.

Асқақ рух ағалар-ай, арманы ақ, Тіршіліктен тілемеген

жалған бақ.
Тектіліктің туын тігіп әрқашан,
Арамызда жүре берші,

алшандап!
Арқалық қаласы.

**СҮРЕТТЕ: М.Спандиярұлы,
ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі.
Суретті түсірген автор.**

● ҚҰТТЫҚТАУ

Мерейтой – 50!

Аманкелді ауданы Ұштоғай ауылында тұратын ардақты ана, адал жар **Сапаркүл Уәлиқызын** наурыз айының 2-ші жұлдызында мерейлі 50-жасқа жеткен қуанышымен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық тілей отырып, өмірдің барлық қуанышын қызықтап, Алланың берген жасын жасап, несібе-дәулеттеріңіз арта беруіне тілектеспіз.

Өткен күннің артта қалып елесі,
Тіршіліктің жылжи берсін кемесі.
Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған
Мерей тойдың құтты болсын белесі.



Диананың басындағы бағысыз,
Жүзге дейін нұрлы шырақ жағыңыз.
Өзіңізді аялаған, баптаған,
Аман болсын құдай қосқан жарыңыз.
Ізгі тілекпен: жездесі Нұрхан, апасы Сабыркүл, жиендері Ержан-Аида, Айгерім-Мелс, Салтанат-Талғат, Тоты, Гүлназым, жиеншары Шерхан.

"ВАЗИАТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БИН 090140003579, оңалту рәсімі қозғалғаны туралы хабарлайды. Мына мекенжайға хабарласуға болады: Қостанай қ., Байтұрсынов көш., 70, судья Г.Д.Рахимбаева.

Товарищество с ограниченной ответственностью "ВАЗИАТ", БИН 090140003579, сообщает о возбуждении процедуры реабилитации. По вопросам обращаться по адресу: г.Костанай, ул. Байтұрсынова, 70, судья Рахимбаева Г.Д.

Еске алу

Аманкелді ауданы Коммунизм жолы ауылының тұрғыны, асқар таудай аяулы әкеміз **Ыбышев Қияқ Бейсенбайұлын** сағынышпен еске аламыз. Қазір ортамызда болса әкеміз 23 ақпан күні 84 жасқа толар еді. Асыл әкеміздің жаны жәннатта, топырағы торқа, иманы жолдас болсын. Әрқашан есте сақтап, қимас көңілмен еске аламыз.

Ұрпақтарға тәлім беріп,
өмірінді шәкірттерге арнадың,
40 жылдай ұстаз болдың,
ізденуден ешқашанда талмадың,
25 жыл директор да болдың орта мектептің,
Игі істерді әрқашанда болашақпен жалғадың.
"Мұғалімнің мұғалімі" атағын да алдыңыз,
Әр шәкірттің жүрегінде дана жолды салдыңыз,
Сағынышпен еске алып, сізді мақтан тұтамыз,
Бала-шаға, ел-жұртыңның есінде мәңгі қалдыңыз.
Сағынышпен еске алушылар : Анамыз Нағима, балалары, немелері және күйеу балалары мен келіндері.



Қостанай қаласының координаттарына сәйкес Наурыз айына намаз уақыттарының кестесі Милади 2016 жыл - иджри 1436 жыл

Апта күндері	Таң намазы	Күннің шығуы	Бесін намазы	Екінді намазы	Ақшам намазы	Құптан намазы
1 Сейсенбі	6:32	8:32	13:57	17:28	19:32	21:02
2 Сәрсенбі	6:32	8:32	13:57	17:28	19:32	21:02
3 Бейсенбі	6:27	8:27	13:56	17:31	19:36	21:06
4 Жұма	6:25	8:25	13:56	17:33	19:37	21:07
5 Сенбі	6:23	8:23	13:56	17:34	19:39	21:09
6 Жексенбі	6:20	8:20	13:56	17:36	19:41	21:11
7 Дүйсенбі	6:18	8:18	13:55	17:37	19:43	21:13
8 Сейсенбі	6:16	8:16	13:55	17:39	19:45	21:15
9 Сәрсенбі	6:13	8:13	13:55	17:41	19:47	21:17
10 Бейсенбі	6:11	8:11	13:55	17:42	19:49	21:19
11 Жұма	6:08	8:08	13:54	17:44	19:51	21:21
12 Сенбі	6:06	8:06	13:54	17:45	19:52	21:22
13 Жексенбі	6:04	8:04	13:54	17:47	19:54	21:24
14 Дүйсенбі	6:01	8:01	13:54	17:48	19:56	21:26
15 Сейсенбі	5:59	7:59	13:53	17:50	19:58	21:28
16 Сәрсенбі	5:56	7:56	13:53	17:51	20:00	21:30
17 Бейсенбі	5:54	7:54	13:53	17:53	20:02	21:32
18 Жұма	5:52	7:52	13:53	17:54	20:03	21:33
19 Сенбі	5:49	7:49	13:52	17:56	20:05	21:35
20 Жексенбі	5:47	7:47	13:52	17:57	20:07	21:42
21 Дүйсенбі	5:44	7:44	13:52	17:59	20:09	21:44
22 Сейсенбі	5:42	7:42	13:51	18:00	20:11	21:46
23 Сәрсенбі	5:40	7:40	13:51	18:02	20:13	21:48
24 Бейсенбі	5:40	7:40	13:51	18:02	20:13	21:48
25 Жұма	5:35	7:35	13:50	18:04	20:16	21:51
26 Сенбі	5:32	7:32	13:50	18:06	20:18	21:53
27 Жексенбі	5:30	7:30	13:50	18:07	20:20	21:55
28 Дүйсенбі	5:28	7:28	13:50	18:09	20:22	21:57
29 Сейсенбі	5:25	7:25	13:49	18:10	20:24	21:59
30 Сәрсенбі	5:23	7:23	13:49	18:11	20:25	22:00
31 Бейсенбі	5:20	7:20	13:49	18:13	20:27	22:02

Ескерту:

Діни мақалалар мен видео, аудио уағыздарды, намаз оқып үйрену үлгісін, әлемдік, ел және аймақ жаңалықтары мен намаз уақыттары жайлы қосымша мағлұматтарды қазақ әрі орыс тілдерінде **akmechet.kz** - Қостанай облыстық "Марал ишан" мешітінің ресми сайтынан көре аласыз. Құрметті мұсылман бауырлар мен қарындастар! **akmechet.kz** сайтымызға кіру арқылы дініміздің таралуына өз үлестеріңізді қосыңыздар!

"Новотроицк-1" ЖШС 2016 жылғы "11" наурызда сағ. 09.00-де мына мекенжайда: Қарабалық ауданы, Новотроицк селосы, "Новотроицк-1" ЖШС кеңсесінде қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысы болатынын хабарлайды.

Күн тәртібінде(мәселе):

1. Серіктестіктің Банк алдындағы туындаған және туындайтын барлық міндеттемелерін тиісінше орындауды қамтамасыз ету ретінде 2015 жылғы "28" сәуірдегі 181 900 000 (Бір жүз сексен бір миллион тоғыз жүз мың) теңге мөлшерінде CL100038666245N1 кредиттік желіні ұсыну туралы Келісім-шарт бойынша және 26.11.2015 ж. 376 350 453(үш жүз жетпіс алты миллион үш жүз елу мың төрт жүз елу үш) теңге мөлшерінде CL100044442277N1 кредиттік желіні ұсыну туралы Келісім-шарт бойынша Банкке мүлкті кепілге қоюға келісім беру туралы.

2. Серіктестік Банк алдындағы барлық өзінің міндеттемелерін орындамаған және тиісінше орындамаған жағдайда Банкке мүлкті соттан тыс өткізуге және Банкте, сондай-ақ банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктерде және өзге де қаржы ұйымдарында ашылған және қызмет көрсетілетін Серіктестіктің барлық шоттарындағы ақшаны тәркілеуге келісім беру, сонымен қатар Банкке мұндай шоттардан ақшаны тәркілеу жөнінде Серіктестіктің немесе үшінші тұлғаның (заңнамамен қарастырылған жағдайларды қоспағанда) өкімдерін(нұсқауларын) орындауға қабылдамау құқығын беру туралы;

3. Серіктестік атынан барлық қажетті іс-әрекетті жүзеге асыруға өкілеттік беру туралы.

Объявление о проведении внеочередного общего собрания участников ТОО "Новотроицк-1"

ТОО "Новотроицк-1" сообщает, что "11" марта 2016 года в 09.00 часов по адресу: Карабалыкский район, село Новотроицкое, контора ТОО "Новотроицк-1" состоится внеочередное общее собрание участников.

Повестка дня (вопроса):

1. О предоставлении согласия на залог Банку имущества в качестве обеспечения надлежащего исполнения всех действующих и будущих обязательств Товарищества перед Банком по Соглашению о предоставлении кредитной линии № CL100038666245N1 от "28" апреля 2015 года в размере 181 900 000 (сто восемьдесят один миллион девятьсот тысяч) тенге и по Соглашению о предоставлении кредитной линии №CL100044442277N1 от 26.11.2015 г. в размере 376 350 453 (триста семьдесят шесть миллионов триста пятьдесят тысяч четыреста пятьдесят три) тенге.

2. О предоставлении согласия Банку на внесудебную реализацию имущества и на изъятие денег со всех счетов Товарищества, открытых и обслуживаемых в Банке, а также в банках и иных финансовых организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, в случае неисполнения или ненадлежащего исполнения Товариществом своих обязательств перед Банком, кроме этого, о предоставлении права Банку не принимать к исполнению распоряжения (указания) Товарищества или третьего лица (за исключением случаев, предусмотренных законодательством) по изъятию денег с таких счетов.

3. О наделении полномочиями на осуществление всех необходимых действий от имени Товарищества.

Зейнеткер тілшілер кеңесі

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

«Ауылыңда қартың болса, жазып қойған хатпен тең» деген. Қалалық ардагерлер ұйымының «Қазыналы қариялар мектебі» ел өміріне үлгі-өнеге болатын көптеген қарқынды жұмыстар жүргізуде.

Ізгілікті істердің жарқын бір көрінісі ретінде жақында ардагерлердің бастамасымен қалалық-апталық «Арқалық хабары» газетінің редакциясында зейнеткер қоғамдық тілшілердің өңірлік кеңесі өткізілді. Онда жазған-сызған еңбектері түрлі деңгейдегі баспа беттерінен көрініп, қаламын жанына серік етіп жүрген зейнеткерлер Орекен Алмат, Хамит Досжанов, Шөптібай Байділдин, Жәнібек Ғапбасұлы, Қонысбай Ағуанов, Қуанышбай Қазымбек, Молда-тай Жапаров, Сабыржан Ота-



шевтар өзара пікір алмасып, газет пен оқырман арасындағы байланыстың үзілмеуі – өміршен, ортақ құндылық екендігін алға тартты.

Биыл «Ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығы», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы», «Қостанай облысының 80 жылдығы»,

«Арқалық қаласының 60 жылдығы» сынды айтулы мерейтойлар аталып өтілмек.

«Ел өмірінде айшықты із қалдыратын шоқтықты шаралар БАҚ беттерінде лайықты өрнектелуі қажет», – дейді зейнеткер тілшілер.

СУРЕТТЕ: кеңестен көрініс.

Қалам ұшы мұқалмасын (Зейнеткер тілшілерге арнау)

Достығы ашылмаған арамыздың,
Қарттарымыз – қазынасы қаламыздың.
Әр кезде жақсылыққа жанашыр боп,
Жолымыз көрінсінші дара біздің.

Өмірдің бастаңыздар соқпақтарын,
Халықтың тілеулес боп жоқтап халін.
Қажетсіз бос даурықпа сөзден гөрі
Газетке сын жазуды тоқтатпадың.

Қатардан қаламдастар қалып па едің,
Заманмен бір тыныста алып демін.
Қоғамдық тілшілерім үн қостың да,
Жұмысты алға басқан дәріптедің.

Еңбекті жатыр қазір өлшеп күндер,
Еліне абзал тұлға – өтті кімдер?!

Естелік, өнеге қып, жастар үшін,
Тәлімді тәрбиені өрбіткіңдер.

Болған соң берік сенім, қадам да нық,
Сүйесіз ұлы Торғай – даламды анық.
Жас ұлан ізіңізге қадам басты,
Алдында жатқан жолдан тарамданып.

Дегендей арнаымнан жаңылыспан,
Жүректен ән-жыр туды алып ұшқан.
Өнері туған елдің алға озады,
Тұратын бауырларға сағыныштан.

Шабыттың шарықтай ал ұшар басын,
Қай кезде толымды еңбек жұқармасын.
Жаза бер, елге ұнаған мақалаңды,
Көркейіп қалам ұшы мұқалмасын.

Сейтқали САБЫРЖАНҰЛЫ.

Арқалық қаласы.

Өрттің шығу себебі анықталуда

«Қостанай облысы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі» ММ дағдарыс орталығында «Титан» «ЖЭК» ЖШС аумағында болған өрт жайында брифинг өткізілді. «Қостанай облысы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі» ММ бастығының орынбасары азаматтық қорғау полковнигі Дмитрий Полончук журналистерді 2016 жылдың 22 ақпаны күні Қостанай қаласы Дорожников көшесінде орналасқан «Титан» «ЖЭК» ЖШС аумағында болған өрт жайында айтып берді.

«101» қызметіне ұялы телефон арқылы хабар түскесін оқиға орнына бірінші болып Қостанай қаласының №3 өрт сөндіру бөлімі келіп жетті. «Титан» «ЖЭК» ЖШС аумағында

дағы құю станциясының маңында автокөлік сүйрегіші жанып, сонымен қатар қасында орналасқан көлемі 50м³ болатын екі сыйымдылықтың ілгіш арматурасынан табиғи газ ағып жанып жатты. Жану аймағындағы темір жол бойында көлемі 70м³ болатын екі сыйымдылықтың жарылу қаупі туды. Өрт сөндіру шұғыл штабы құрылып, 2 жауынгерлік учаске құрылды. «МАН» маркалы сүйрегішті сөндіруге және қасында орналасқан сыйымдылықтарды салқындатуға оқпандар берілді. Сумен қамтамасыз ету Қостанай қаласы аумағында орналасқан су көздері арқылы тасымалдау тәсілімен, сонымен қатар өрт ошағынан 800 метр қашықтықта кәсіпорын аумағында орналасқан өрт сөндіру гидрантын

іске қосу арқылы жүргізілді. Су тасу үшін қаланың қосымша коммуналдық қызметтері, сондай-ақ 102, 103, қалалық тоқ жүйелері, Қостанай-Су, «Иволга – Астық» ЖШС, «Целина» РМК, «Казахстан – Темир жолы» өрт сөндіру поезі қызметтері тартылды. Өрт 23 сағат 43 минутта жойылды. Өрт кезінде күзетші В.Левшин зардап шекті. Полиция қызметкерлері өрт сөндіру уақытында оқиға орнына баратын жолдарды жауып тұрды. Барлығы өртті сөндіруге 24 бірлік арнайы техника мен 97 адам тартылды. Өрттің шығу себебі мен материалдық шығыны анықталуда.

«Қостанай облысы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі» ММ баспасөз хатшысы.

АДАМ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ

Құстарға да қамқорлық қажет

Ермекбай
ХАСЕНОВ



Қазақстандағы табиғат байлығы жан-жануарлар десек, солардың қатарына құстар да жатады. Құс екеш, құстың өзі адамның қамқорлығына сүйенеді. Ауа райының құбылмалы кезінде құстарға жанашырлық қажет. Әсіресе, биылғыдай қыс қатты болғанда олардың тіршілігі қиындайды.

Соны есте сақтаған табиғат қорғаушылар қыс бойы дамыл табар емес. Облыстағы бір жүзге жуық аңшылық шаруашылығы осынау игілікті жұмысқа жұмыла кірісті. Олар биотехникалық шараларды белгілеп, уақытылы жүзеге асырды.

– Далалық және ормандық құстар үшін астық қалдықтарын астауларға салуды аңшылық шаруашылық ұйымдары дәстүрге айналдырды, – дейді Мұрат Бәйділдин.

Қостанай облыстық орман шаруашылығы және жануарлар әлемі инспекциясының бас маманы Мұрат Бәйділдин аталған мекеменің атқарып отырған жұмыстарын саралады. Оның айтуынша, биылғы қардың қалың жаууы аймақ көлемін мекендейтін құстарды тығырыққа тіреуде.

Мәселен, ақ және сұр шіл жеген тамағын құммен, ұсақ тастармен қорытады. Шілдер негізінде жол жиегін көбірек торуылдайды. Жол жиегіне шашылған түрлі жемдерді, ұсақ тастарды теріп жейді.

Қыс жайлылық танытқан кезде жұқалау қарды шілдер үңгірлеп қазады. Қардың астынан ұсақ тастарды іздеп, тауып алады.

Құстың тағы да бір түрі – құр. Тауықтар отрядына жататын құр да астық қалдықтарын тағам етіп жейді.

Жоғарыда аталған инспекция ұжымы аңшылық шаруашылықтарының жұмысын бақылаған уақытта олардың әрекеті дұрыс екенін білді. Ашығып жүрген құстарға қоректерді көбейтудің қамын жасайды. Атап айтқанда, астық қалдықтары жер-жерлерге себіледі. Астауларға өртүрлі малтатастар салынады.

Қақаған аязды күндері құстардың паналауына да жағдайлар жасаған дұрыс. Табиғат жанашырлары қалың қардың үстіне шөп, сабан үйінділерін жасауда.

Міне, көктем де таяп келеді. Туған жерге бауыр басып, қыстап қалған құстар уақытылы жұмыртқалауға тиіс. Ендеше, оларға қолайлы ұялар жасау керек. Мұны да аңшылық шаруашылығы ұйымдары ұйымдастыра бастады.



СУРЕТТЕРДЕ: түрлі тәсілдермен жасалатын ұялар; сабан үйінділері.

Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Меншік иесі:

**“Қостанай таңы” газеті
редакциясы” ЖШС**

**Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергізің келсе: 39-26-88



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Ұш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. “Қостанай таңында” жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет “Қостанай таңының” компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. “Қостанайполиграфия” ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 11636. Тапсырыс 421.

Немірдің көзекші редакторы: Г.САФИТОВА.